qalamger» жобасы іске қосылды (Abai.kz., 2019). Жобаның мақсаты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болып табылатын әрбір қаламгердің тегін веб-сайттарын жасап беру және оларға техникалық қолдау көрсету. Цифрландыруға көшудің ең жарқын үлгісі – кітап шығару үшін онлайн платформада дауыс жинау жобасын қарастыруға болады. Халық тарапынан бағаланған шығармалардың ішінен көп дауыс жинағандары комиссия тарапынан мақұлданып, авторға қаламақы төленіп, кітабы сатып алынады. Аталған 3 жоба отандық баспа ісіндегі цифрландырудың дәлелі. Тек бұл жобалар ғана емес, ары қарай шетелдік тәжірибені зерттей отырып, еліміздің баспа ісіндегі цифрландыру тудырған жаңалықтарды көрсетеміз.

Ұлыбритания мемлекетінің брендинг арқылы контент құрып, іздеу оптимизациясын қалыптастырушы цифрлық маркетинг Олуватойин Джегеде электронды кітаптардың өтімділігі 2020-2025 жылдар аралығында 7% артатынын болжайды. Amazon, Apple, Kobo секілді ірі сервистерден бастап, барлық үлкенді-кішілі басылымдар адамдардың географиялық орналасуын есепке ала отырып, оқудағы құлшыныстың берік сақталуына қызмет етеді. Сондай-ақ маркетинг өсімді жасайтын мына фактілерді көрсетеді:

а) смартфондарды қолданудың жоғары деңгейі;

б) электронды кітаптардың құнының түсуі;

с) электронды кітаптардың сапасының жақсаруы және оларды оқуға болатын платформалардың жасалуы (**Oluwatoyin J.**, 2022).

Кітапханалардың электронды жүйеге ауысуы – адамзаттың уақытын үнемдеуге жасалған ауқымды әрекеттердің бірі. Кітапханадағы кітаптарға оңай қол жеткізу мақсатында, арнайы сайттар жасалды. Ол уақыты тығыз адамдарға, бос уақытын кітап оқумен өткізгісі келетін оқырмандарға үлкен жеңілдік болды. И.П. Тикунова өзінің «Цифрландыру – кітапхананы дамытудың тренді» атты мақаласында әлемнің 22 елінің негізгі 24 ұлттық кітапханасын зерттей отырып, «цифрландыру» феноменінің кітап шығару саласына әсерін айтып өтеді. Кітапханалардың аралас форматта екендігін тілге тиек етіп, «кітапхана цифровизациясы» деген ұғымға мынадай түсінік береді: «Кітапхана цифровизациясы дегеніміз – цифрлық жаһандану кезеңінде қоғамға қызмет ете алатын әлеуметтік институт ретінде кітаптардың әртүріне визуализация бере

отырып, цифрлық технологияларды пайдалану» (Тикунова И.П., 2021). Өз кезегінде кітапханалық цифровизация бірнеше бағытты қамтиды:

- тұтынушыға онлайн форматта сапалы қызмет көрсету;

- мәдени-әлеуметтік шаралар арқылы қоғамға пайдалы ақпарат тарату;

- оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын көтеру арқылы тарихи, мәдени, көркем-әдеби кітаптардың оқылу масштабын кеңейту;

- ғылыми бағыттағы еңбектер мен ресурстардың жалпыға қолжетімділігі;

- кадрлық ұжымның белсенділігін жоғарылату.

Жалпы электронды болсын, қағаз нұсқада болсын, көркем әдебиеттерді басуды дамыту ең маңызды мәселе ретінде қала бермек. Соңғы жылдары жастар арасында көркем әдебиетпен қатар мотивациялық және психологиялық бағыттағы кітаптар көп оқылады. Мысалы: айына 100 мың немесе жылына миллионнан астам кітап сататын, Қазақстандағы ірі кітап дүкендерінің бірі «Меломанның» 2017 жылғы дерегіне қарағанда ең көп өткен кітаптар қатарына Баян Есентаеваның «Баян», психолог Михаил Лобковскийдің «Хочу и буду», Халед Хоссейнидің «Беғуший за ветром», Дэвид Грэгори Робертстің «Шантарам», Алекс Хирштің «Дневник-3. Гравити Фолз» еңбектерін жатқызуға болады. «Меломан» кітап дүкендері желісінің әдеби емес кітаптар категориясының менеджері Александр Огневтің айтуынша, көбінесе танымал көркем әдеби, психологиялық және өзін-өзі дамытуға бағытталған кітаптар, сондай-ақ, балалар кітаптары сұраныста. «Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасының» мәліметтері бойынша, кітапханаға күніне 600-дей оқырман келеді. Оқырмандардың 80%-ын студенттер, яғни кітапхананың тұрақты оқырмандары құрайды. Студенттердің таңдауы көбіне өзіміздің қазақ жазушыларының көркем әдеби шығармаларына түсетін көрінеді. Ең жиі оқылатын шығармалар қатарына Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер», Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» туындылары жаста, ең көп оқылатын поэзиялық жинақтар қатарына Мұқағали Мақатаевтың, Есенғали Раушановтың өлеңдері, сонымен қатар, Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен

тер» трилогиясы, Дулат Исабековтың «Қарғын» романы жатады (Ахметов А., 2017).

Елімізде кітап басып шығару жұмысы оңай емес. Дайын кітапты шығару үшін алдымен ЖК немесе ЖШС ашып, автор ретінде мемлекеттік орындарға тіркелуің қажет немесе кітабыңды баспа үйлеріне бересің. Баспа үйлері өз кезегінде автор жұмысын зерделеп, ұнаған жағдайда жұмысқа кіріседі. Кітаптың дизайны жасалып, сату жөніндегі шаралар кешені ұйымдастырылады. Бұл жұмыстардың барлығы өте үлкен қаржыны талап етеді. Осы мәліметтерді есепке ала отырып ғылыми зерттеу барысында баспа үйлерінің көркем әдебиет шығару істері бойынша деректер жинақталды.

3-кесте – Отандық баспалардан шыққан кітаптар туралы ақпарат

№	Баспа үйінің атауы	2021-2022 жылдары шығарған кітаптарының саны
1.	«Қасым»	72 кітап
2.	«Мазмұндама»	150 кітап
3.	«Мұқаба»	10 кітап
4.	«Foliant»	430 кітап

Кестеде әдеби шығармалар шығаратын баспа үйлері туралы деректер берілген. Ең көп кітап басып шығарған «Foliant» баспа үйі – баспа индустриясында 1996 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан көпсалалы қазақстандық баспа. Баспаның Мәскеу қаласында бөлімшесі бар. Ал «Қасым» баспа үйі тек әдеби көркем прозаларды басып шығаруымен ерекшеленеді. Қалған баспалар туралы деректер жоқтың қасы. Баспа қызметкерлерімен сөйлесе келе, кітап басып шығаруға кедергі болатын бірнеше мәселені айқындадық.

Қағаз бағасының қымбаттығы. Елімізде қағаз өндірілгенімен, баспа қажеттілігін қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Негізінде қағаздың басым бөлігін Ресейден алып, ал біраз бөлігін Түркия мен Қытайдан келетіндіктен, елде қағаз бағасы шарықтап тұр. Әсіресе Ресейге жарияланған экономикалық санкциядан кейін, қағаз тапшылығы басталып, оның бағасы бірден бірнеше есеге қымбаттады. Кітап басатын қағаз

химиялық жолмен алынатын целлюлозадан жасалатындықтан, санкция әсерінен химиялық қоспалар өндірілмей жатыр. Соңғы жылдардағы зерттеулерге сүйенсек, қағазды тек ағаштан ғана емес, «каннабис» атты өсімдіктен жасауға да болады екен. Иә, көбісі ағаштан жасалған қағазды сапалы санайды, дегенмен каннабистен де әртүрлі сапада қағаз жасауға болатындығын өзіміздің қазақстандық ғалымдар дәлелдеп көрсетті. Көп адамдар каннабисті есірткі тектес шөп деп есептегенімен, оны да пайдаға жаратуға болады. Қазақстанда каннабисті өсіру заңмен қудаланатынына қарамастан, Жамбыл облысының Шу аймағының маңында өте ауқымды көлемде жабайы каннабис өседі. Сонымен қатар Алматы және Қызылорда облыстарында да каннабис кәдуілгі табиғи жағдайда өсетін көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, қағазды ағаш целлюлозасынан емес каннабистен жасағанда шығын 30% азаяды екен (Кузекбай А., 2019).

Корректур. Қазіргі таңдағы кітаптарда кездесетін грамматикалық қателер өте көп. Бұл әрекет алдымен халық сауатсыздығының өсуіне алып келеді. Оны кейбір баспа үйлерінің өзі де мойындап отыр. Сондықтан іске кіріспес бұрын кітаппен жұмыс жасайтын мықты ұжым жасақтап алған жөн.

Маркетингтің нашарлығы. Көп баспа үйлері сапалы кітап шығарғанымен, кітаптың бағасын арзан етіп қойғанымен, сату барысында кедергілерге ұшырайды. Біріншіден, шетелдік автормен келісімшарт жасаудың өзі біраз шығынды талап етеді. Екіншіден, көп баспалардың жеке сайттары жоқ. Сол себепті де, олар кітаптарын танымал дүкендерге (онлайн/оффлайн) қойып, түскен табыстың біршамасын дүкенге төлейді. Маркетингтік қадамдардың жарқын үлгісін мотивациялық және психологиялық кітап жазатын авторлардан байқауға болады. Сондай кітаптардың авторлары халық арасында үй, көлік секілді бағалы заттар ойнатып, кім автордың кітабын көп көлемде сатады сол жеңімпаз болады деген секілді әрекеттер жасап, күні бүгінде сұранысқа ие болып отыр. Бұл – кітап саудасындағы үшінші өзекті мәселе.

Кітаптың таралым санының артуы үшін оңтайлы әдістердің бірі – кітапқа деген қызығушылықты ояту. Елімізде сондай әдістерді үйретіп, өз кітаптарын өткізіп жүрген адамдарда жетерлік. Мысалы, қоғамның өзекті мәселелерін қозғайтын, әлемнің үздік бестселлер кітаптары туралы

айтатын, marfu_shop, marfu_press онлайн дүкені мен баспаханасы бар, журналист-жазушы Марфуға Шапиян қазіргі таңда оқырман сұранысына сай жұмыс істеуде. Неге десеңіз, контентпен сапалы жұмыс істейтін журналист, кітаптарға байланысты қызық деректер, әртүрлі видеолар түсіріп, кітап оқушыларының қызығушылығын оятауда. Осы орайда кітапқа қызығушылықты арттыратын бірқатар әдістерге тоқталамыз.

Саммари әдісі. Бүгінгі таңдағы кітаптарды жеңіл оқудың әдісі. Себебі, саммариде кітаптың қысқаша мазмұны көрініс табады. Көбіне «нон-фикшн» жанрындағы кітаптарға жасалады. Нон-фикшн (деректі проза) – әдебиеттің өте ерекше жанры. Бұндай шығармалар шынайы оқиғаға негізделеді және онда автордың қиялынан қосылатын сюжеттер өте сирек кездеседі. Саммари әдісі АҚШ-та 1970-жылдардың аяғында алғаш қолданыла бастады. Ресейдегі «Smart Reading» онлайн-сервисі, 2015 жылы «Манн, Иванов және Фербер» баспасының негізін қалаушы Михаил Ивановтың бастамасымен құрылған. 2021 жылдың аяғындағы деректер бойынша онлайн-сервисіте 700-ден астам саммари кітаптар мен аудиожазбалар бар. Онлайн-сервисіте 400 мың адам қолданады. «Smart Reading» сервисі үшін саммари еңбектері былай жазылады:

- Саммари кітаптарын филология немесе журналистика мамандығының кәсіби мамандары жасайды;

- Ол әрі қарай редактордың өңдеуінен өтеді;

- Егер кітап қандай да бір салаға арналған болса, ең алдымен сол сала маманының ой-пікірі алынады;

- Содан кейін корректура жасалып, инфографика және аудио жазбалар қосылады.

Сондай-ақ, бұл сервисің ағылшын тіліндегі нұсқалары да бар: *Essenly*, *getAbstract*, *Blinkist* және *Storyshots* (Груздев А., 2020) Сонымен қатар кітапты жылдам оқуға үйрететін Бақытжан Бұқарбайдың «Күміс кітабын» ерекше атап өткен жөн. Кітапта берілген деректер бойынша 2016 жылы еліміздегі жастардың 80%-ы кітапты сирек оқыған екен. Сол себепті де автор жастарды оқуға шақыру мақсатында кітап жазған.

Батыс елдерінде «Әдеби агент институты» деген түсінік бар. Әдеби агент – баспа мен жазушының арасындағы делдал немесе жазушының өкілі. Жазушының кітабын басу – әдеби агенттің басты жұмысы. Әдеби агент автордың

еңбегін шығарып, оның сатылымын жақсартумен айналысады. Оның басты мақсаты – болашағы бар авторларды іздеп тауып, кітаптарын сату. Табыс әкелетін авторларды тапқан соң заңды түрде келісімшартқа отырып, авторға түсетін табыстың дұрыс болуын қадағалайды. Кітап сатудан түскен табыстың 10-20% оның еңбегінің ақысы болып есептеледі. Шетелде әдеби агенттіктер кәсіби түрде үлкен қауымдастық болып жұмыс жасайды. Осы жерде мынадай сұрақ туады: «Кімдер әдеби агент бола алады?». Негізінде әдеби агенттердің басым көпшілігі баспа қызметкерлері немесе жазушылықта жолы болмаған адамдар. Олар кітап шығару мен әдебиет саласының кем-кедіктерін түгел білетін болғандықтан, емін-еркін әдеби агент бола алады және жақсы пайда табады (Иманбаева Д., 2020).

Әдеби агенттер арқылы танымал болған кітаптардың негізгі мысалы ретінде Джоан Роулингтің «Гарри Поттер» жайында жазған көптомдық шығармаларын жатқызуға болады. Ол кітап әртүрлі баспалардан басылып шықты. Еш уақытта оқырман назарынан тыс қалған емес. Танымал автор ретінде Ұларбек Нұрғалымның «Дайғашшы» кітабын атап өтуге болады. Қоғам тарапынан сұраныс жоғары бұл шығарма бірнеше рет қайта басылып шықты. Бізде әдеби агенттер сирек жұмыс жасайтындықтан, көп жағдайда авторлар шығынға ұшырап жатады. Алғашқы кітап қалай сатылады, оқырмандар қалай қабылдайды, ол мүлдем қадағаланбайды. Ал АҚШ, Ұлыбритания секілді дамыған елдерде бұндай жұмыстардың барлығын қадағалап отыратын арнайы кеңселер бар. Атақты ауқатты жазушылардың жеке менеджерлері де бар. Сол менеджерлер сұхбат беру, оқырмандармен кездесу сынды жұмыстарды ұйымдастырады. Жеке менеджер деп отырғанымыз – әдеби агент. Қазақстанда әдеби агент жұмысын жандандырып жүрген Шыңғыс Мұқанды, Арман Әлменбетті атауға болады. Әдеби агенттермен келісімшартқа отырған кезде тағы бір жақсы дүниені ескеруге болады. Егер автор агентпен ұзақ жылға келісімге отырар болса, кейін автордың көзі болмаса да, әдеби агент кітаптарды қоғам талабына сай қайта басып, түскен табыстың біраз бөлігін ұрпағына төлейді. Сонымен қатар жазушының аты өшпеуі үшін әртүрлі шараларды өткізіп отырады.

Қорытынды

Ғылыми мақаланы түйіндей келе, 2020 жылы Ресейде өткен XXXIII дискуссия алаңында танымал баспалардың басшылары бас қосып, «Баспа нарығының цифрлық трансформациясы кезіндегі баспа технологиялары мен бизнес-моделдері» тақырыбында ой алмасты. Талқылау барысында баспа ісіндегі цифрландыруға байланысты көп деректер айтылды. Соның ішіндегі ең негізгілерінің бірі – «Agile» тәсілін баспа ісінде қолдану. «Agile» тәсілі – 4 құндылық пен 12 принциптен тұратын, үлкен бизнесте жетістікке жеткізетін жүйе. Әрбір кітапты бір жоба ретінде қарастыру, жұмыс уақытын қысқартуға үлкен мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ақпаратты іздеу жазбаша емес ауызша формаға ауысуда. Сондықтан баспалардың өнімдерін сол формаға ыңғайластырған жөн. Alexa, Siri, Google Assistant сияқты цифрлы көмекшілер ауызша іздеу сұранысын қанағаттандырып отыр. Ascendance атты жалпы дауыспен іздеу жүйесі баспа ісіндегі цифрландырудың бүгінгі күндегі өзекті тенденциясы деуге негіз бар (Gokulnath B., 2024).

Кітап шығаруда «канбан» жапон тәсілін жүйеге енгізу, қазіргі таңдағы әсері мол, дәлелденген әрекеттің бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар кітап шығару барысында «брендингке» үлкен мән беру қажет. Дамыған елдер мен дамушы елдер арасында айырмашылық айтарлықтай екенін жасыра алмаймыз. Мысалы, АҚШ-та танымал кітаптар 1-3 млн данамен басылатын болса, біздерде 200-250 мың данамен ғана басылады және дамыған мемлекеттерде кітаптың танымалдығын арттыру үшін арнайы шоулар ұйымдастырып, танымал жазушылар мен жас қаламгерлер арасында байланыс орнату мақсатында академиялар да ашылған.

Арнайы оқыту, брендинг, жаңа моделдерді қалыптастыру секілді инфрақұрылымдық бағыттар болмаса, баспа ісінің дамуы екіталай. Кітаптарды шығару үшін инновациялық идеялар көп болған сайын, оның жаңа бағытқа көтерілуіне жасалатын мүмкіндіктер көп. Осы орайда

отандық әдеби кітап баспаларының табысты жобаларына тоқталғанды жөн санадық.

Отандық әдеби кітап басып шығарудағы ең табысты жоба – Ұларбек Нұрғалымұлының «Дайағашшы» шығармасы. «Мұқаба» баспасы бірнеше рет басып, оқырманның сұранысына ие болған кітап.

«Мазмұндама» қорының аударма кітаптары көпшілік арасында танымал. Алғашында әлемдік кітап индустриясындағы трендтерге мән берген баспа қазіргі таңда дүние жүзіне танымал кітаптарды басып шығару ісін қолға алуда. Аударма сапасы да жоғары. Сондай-ақ баспа саласындағы шетелдік тәжірибені батыл енгізіп, оны кәсіби түрғыда дамытып жүрген бірден-бір ұжым.

«Қасым» баспа үйінің өнімдері ерекше дизайн, көпке ұқсамайтын бағыт-бағдарымен белгілі. Классикалық көркем туындылардың ішінде ең көп басылған кітап – С.Мұратбековтің «Жабайы алма» шығармасы.

Діни және әдеби, танымдық бағытта кітап басумен айналысатын «MarfuShop» баспа үйі де көпшілікке етене таныс.

Біз нарықта енді ғана танылып келе жатқан баспаларға тоқталдық. Ғылыми зерттеу барысында әдеби кітап шығарудағы жаңа технологиялар мен бірқатар мәселелерді талдадық.

Әдеби кітап оқу ұлттың рухани әлемін байытып қана қоймайды, ойлау өрісін да дамытады. Әлемде «оқитын ұлт» ұғымы қалыптасқан. Оқымысты қоғамда әділдік алға шығып, білімнің нәтижесі көрініс табады, ғылым қоғамға қызмет етеді. Бұл туралы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында жан-жақты жазылған. Білім мен ақылдың жеңіске жетуі әрбір адам аңсаған өмірді қамтамасыз ететін ұмытпауымыз керек.

Зияткер ұрпақ тәрбиелеудің бірден-бір тетігі – кітап оқу дағдысын қалыптастыру. Біз қазірде қарастырып жүрген, кітаптарды электрондық форматқа көшіру – цифрландырудың басы ғана. Смарт-бизнес – әлемдегі жетекші елдердің стратегиялық жоспары. Басқаша айтқанда, баспа ісіндегі эволюцияның жаңа кезеңі. Сондықтан біздің де тоқтамай, осы бағыттағы қызметтерді жаңғыртқанымыз жөн.

Әдебиеттер:

- Ахметов А. Что читают казахстанцы. *КАЗИНФОРМ, Октябрь, 28*. 2017 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.inform.kz/ru/chto-chitayut-kazahstancy_a3079568 (өтінім берілген күні: 31.03.2024).
- Груздев А. Что такое Smart Reading. *Gruzdev.ru, Сентябрь 11*. 2020 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.google.com/amp/s/gruzdev.ru/services/smartreading/amp/> (өтінім берілген күні: 31.03.2024).
- Елеукенов Ш.П. Қазақ кітабының тарихы. –Алматы: Санат. 1999 жыл.
- Иманбаева Д. Әлем танымаған әдебиетті «әдеби агент» таныта ала ма?. *Қазақ әдебиеті, Сәуір, 25*. 2020 [Электрондық ресурс]: URL: <https://qazaqadebieti.kz/24760/dina-imambaeva-lem-tanyuma-an-debietti-debi-agent-tanyta-ala-ma> (өтінім берілген күні: 31.03.2024).
- Коломеец Т.В. Homo digitalis (человек цифровой). *Национальные приоритеты России, 4(47)*. 2019 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/homo-digitalis-chelovek-tsifrovoy> (өтінім берілген күні: 27.03.2024).
- Күзекбай А. Изготавливать бумагу из конопли намерены в Казахстане. *КАЗИНФОРМ, Май, 29*. 2019 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.inform.kz/ru/izgotavlivat-bumagu-iz-konopli-namereny-v-kazahstane_a3531785 (өтінім берілген күні: 31.03.2024).
- Кітап палатасы «Smart qalamger» жобасын таныстырды. *Abai.kz, Маусым, 25*. 2019 [Электрондық ресурс]: URL: <https://abai.kz/post/93183> (өтінім берілген күні: 28.03.2024).
- Ожиганова Е.М. Теория поколений Н.Хоува и В. Штрауса. Возможности практического применения. *Бизнес-образование в экономике знаний, 2(22)*. 2015 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoriya-pokoleniy-n-houva-i-v-shtrausa-vozmozhnosti-prakticheskogo-primeneniya> (өтінім берілген күні: 26.03.2024).
- Плутогаренко С. Как государства соревнуются в цифровизации? Деловой журнал Инвест-Форсайт. 2021 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.if24.ru/kak-gosudarstva-sovrennyuysya-v-tsifrovizatsii/> (өтінім берілген күні: 28.03.2024).
- Ростовцев Е.А. История книжного дела. –Санкт-Петербург: Политех. 2011 жыл.
- Тикунова И.П. Цифровизация как тренд библиотечного развития. *ТРУДЫ ГПНТБ СО РАН, 3(11)*. 2021 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.20913/2618-7575-2021-3-31-37> (өтінім берілген күні: 31.03.2024).
- Benedikt B. Commerce-oriented revenue models for content providers: an experimental study of commerciality's effect on credibility. *Electronic Markets, 28, 93-109*. 2018 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s12525-017-0268-z> (өтінім берілген күні: 30.03.2024).
- Feng Huan. Research on the digital transformation of traditional publishing units in the new media era. *Western Radio and Television, 44(16): 47-49*. 2023 (өтінім берілген күні: 18.11.2024).
- Gokulnath B. Digital Publishing Trends: What's Next for 2024 and Beyond? *HurixDigital, April 3, 2024* [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.hurix.com/digital-publishing-trends-whats-next-for-and-beyond/> (өтінім берілген күні: 18.11.2024).
- Laukik P.R., Rajat B.W., Pravin T. Overview on Kanban Methodology and its Implementation. *International Journal of Science and Research & Development (IJSRD), Vol 3, Issue 2, 2321-0613*. 2015 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/280865949_Overview_on_Kanban_Methodology_and_its_Implementation (өтінім берілген күні: 02.04.2024).
- Li Lina. Research on the digital transformation and development of the traditional publishing industry in the new media era. *Media Forum, 6(4): 102-104*. 2023 (өтінім берілген күні: 18.11.2024).
- Merikivi, J., Salovaara, A., Mantymaki, M., & Zhang, L. (2018). On the Way to Understanding Binge Watching Behavior: The Over-Estimated Role of Involvement. *Electronic Markets, 28, 111-122*. [Electronic resource]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s12525-017-0271-4> (өтінім берілген күні: 30.03.2024).
- Spjeldnaes K. Platformization and Publishing: Changes in Literary Publishing. *Publishing Research Quarterly, 38, 782-794*. 2022 [Электрондық ресурс]: URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s12109-022-09912-2> (өтінім берілген күні: 26.03.2024);
- Omonije A. Agile Methodology: A Comprehensive Impact on Modern Business Operations. *International Journal of Science and Research (IJSR)*. 2024 [Электрондық ресурс]: DOI: [10.21275/SR24130104148](https://doi.org/10.21275/SR24130104148) (өтінім берілген күні: 02.04.2024).
- Oluwatoyin J.** The future of publishing: how technology is shaping the publishing industry. *Bookmachine.org, November, 21*. 2022 [Электрондық ресурс]: URL: <https://bookmachine.org/2022/11/21/the-future-of-publishing-how-technology-is-shaping-the-publishing-industry/> (өтінім берілген күні: 18.11.2024).
- Osadci-Baciu A., Zbucnea A., Pinzaru F. Exploring the Impact of Digital Platforms on Publishing: Bibliometric Analytics. *Proceedings of the International Conference on Business Excellence, 3684-3698 pp*. 2024 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.2478/picbe-2024-0299> (өтінім берілген күні: 18.11.2024).
- Wang Yan. Thoughts on the transformation and development of traditional publishing units under the background of digitalization. *Communication Power Research, 7(8): 148-150*. 2023 (өтінім берілген күні: 18.11.2024);
- Winter P., Alpar P. On the relationship between print and mobile channels for newspapers. *Electronic Markets, 28, 79-92*. 2018 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s12525-017-0263-4> (өтінім берілген күні: 30.03.2024).

References

- Akhmetov A. Chto chitayut kazakhstanstsy [What Kazakhstanis read] *KAZINFORM, October*, 28. 2017 [online] Available from: https://www.inform.kz/ru/chto-chitayut-kazahstancy_a3079568 (ötınım berilgen kün 31.03.2024).
- Benedikt, B. Commerce-Oriented Revenue Models for Content Providers: An Experimental Study of Commerciality's Effect on Credibility. *Electronic Markets*, 28, 93-109. 2018 [online]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s12525-017-0268-z> (ötınım berilgen kün 30.03.2024).
- Eleukenov Ş.R. Qazaq kitabınıñ tarixı [History of the Kazakh Book], Almatı, Sanat, 1999.
- Feng Huan. Research on the digital transformation of traditional publishing units in the new media era. *Western Radio and Television*, 44(16): 47-49. 2023 (ötınım berilgen kün 18.11.2024);
- Gokulnath B. Digital Publishing Trends: What's Next for 2024 and Beyond? *HurixDigital, April 3, 2024* [online]: URL: <https://www.hurix.com/digital-publishing-trends-whats-next-for-and-beyond/> (ötınım berilgen kün 18.11.2024);
- Gruzdev A. Chto takoye Smart Reading [What is Smart Reading] *Gruzdevv.ru, September, 11, 2020* [online] Available from: <https://www.google.com/amp/s/gruzdevv.ru/services/smartreading/amp/> (ötınım berilgen kün 31.03.2024).
- İmanbaeva D. Älem tanımağan ädebietti «ädebı agent» tanıtı ala ma?. [Is it the role of a literary agent to introduce literature that is unknown to the world?] *Qazaq ädebieti, April, 25, 2020* [online] Available from: <https://qazaqadebieti.kz/24760/dina-imambaeva-lem-tanyama-an-debietti-debi-agent-tanyta-ala-ma> (ötınım berilgen kün 31.03.2024).
- Kitap palatasy «Smart qalamger» jobasyn tanystyrdy [The Chamber of Books presented the “Smart Qalamger” project], *Abai.kz, Mayısım, 25, 2019* [online] Available from: <https://abai.kz/post/93183> (ötınım berilgen kün 28.03.2024).
- Kolomeyets T.V. Homo digitalis (chelovek tsifrovoy) [Digital man] *Natsional'nyye priorityety Rossii, 4(47)*. 2019 [online] Available from: <https://cyberleninka.ru/article/n/homo-digitalis-chelovek-tsifrovoy> (ötınım berilgen kün 27.03.2024).
- Kuzekbay A. Izgotavlivat' bumagu iz konopli namereny v Kazakhstane [Kazakhstan intends to produce paper from hemp] *KAZINFORM, May, 29, 2019* [online] Available from: https://www.inform.kz/ru/izgotavlivat-bumagu-iz-konopli-namereny-v-kazahstane_a3531785 (ötınım berilgen kün 31.03.2024).
- Laukik P.R., Rajat B.W., Pravin T. Overview on Kanban Methodology and its Implementation. *International Journal of Science and Research & Development (IJSRD), Vol 3, Issue 2, 2321-0613*. 2015 [online]: URL: https://www.researchgate.net/publication/280865949_Overview_on_Kanban_Methodology_and_its_Implementation (ötınım berilgen kün 02.04.2024).
- Li Lina. Research on the digital transformation and development of the traditional publishing industry in the new media era. *Media Forum, 6(4): 102-104*. 2023 (ötınım berilgen kün 18.11.2024).
- Merikivi, J., Salovaara, A., Mantymaki, M., & Zhang, L. On the Way to Understanding Binge Watching Behavior: The Over-Estimated Role of Involvement. *Electronic Markets*, 28, 111-122. 2018 [online]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s12525-017-0271-4> (ötınım berilgen kün 30.03.2024).
- Oluwatoyin J. The future of publishing: how technology is shaping the publishing industry. *Bookmachine.org, November, 21, 2022* [online]: URL: <https://bookmachine.org/2022/11/21/the-future-of-publishing-how-technology-is-shaping-the-publishing-industry/> (ötınım berilgen kün 18.11.2024);
- Omonije A. Agile Methodology: A Comprehensive Impact on Modern Business Operations. *International Journal of Science and Research (IJSR), 13/2, 2024* [online]: DOI:10.21275/SR24130104148 ((ötınım berilgen kün 02.04.2024).
- Osadci-Baciu A., Zbucea A., Pinzaru F. Exploring the Impact of Digital Platforms on Publishing: Bibliometric Analytics. Proceedings of the International Conference on Business Excellence, 3684-3698 pp. 2024 [online]: DOI: <https://doi.org/10.2478/picbe-2024-0299> (ötınım berilgen kün 18.11.2024);
- Ozhiganova Ye.M. Teoriya pokoleniy N. Khouva i V. Shtrausa. Vozmozhnosti prakticheskogo primeneniya [The theory of generations by N. Howe and W. Strauss. Possibilities of practical application] *Biznes-obrazovaniye v ekonomike znaniy, 2(22)*. 2015. [online] Available from: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoriya-pokoleniy-n-houva-i-v-shtrausa-vozmozhnosti-prakticheskogo-primeneniya> (ötınım berilgen kün 26.03.2024).
- Plutogarenko S. Kak gosudarstva sorevnuiutsä v sifrovizatsii? [How do states compete in digitalization?] *Delovoi jurnal Invest-Forsait*. 2021 [online] Available from: <https://www.if24.ru/kak-gosudarstva-sorevnuyutsya-v-tsifrovizatsii/> (ötınım berilgen kün 28.03.2024).
- Rostovtsev Ye.A. Istoriya knizhnogo dela [The history of book craft], Sankt-Peterburg, Politekh, 2011.
- Spjeldnaes, K. Platformization and Publishing: Changes in Literary Publishing. *Publishing Research Quarterly, 38, 782-794*. 2022 [online]: URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s12109-022-09912-2> (ötınım berilgen kün 26.03.2024).
- Tikunova I.P. Tsifrovizatsiya kak trend bibliotekhnogo razvitiya [Digitisation as a trend in library development], *TRUDY GPNTB SO RAN, 3(11)*. 2021 [online] Available from: <https://doi.org/10.20913/2618-7575-2021-3-31-37> (ötınım berilgen kün 31.03.2024).
- Wang Yan. Thoughts on the transformation and development of traditional publishing units under the background of digitalization. *Communication Power Research, 7(8): 148-150*. 2023 (ötınım berilgen kün 18.11.2024);
- Winter, P., & Alpar, P. On the Relationship Between Print and Mobile Channels for Newspapers. *Electronic Markets*, 28, 79-92. 2018 [online]: DOI: <https://doi.org/10.1007/s12525-017-0263-4> (ötınım berilgen kün 30.03.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Әшірбекова Гүлмира Шайтмаганбетовна (корреспондент автор) – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. (Қазақстан, Астана, e-mail: ashirbekova_75@mail.ru);

Кемелбек Рашид – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика білім беру бағдарламасының 4-курс студенті (Қазақстан, Астана, e-mail: kemelbek2022@mail.ru);

Пернебекова Айжан Пернебекқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы (Қазақстан, Астана, e-mail: aizhanpernebek@gmail.com)

Information about authors:

Ashirbekova Gulmira Shaitmaganbetovana (corresponding author) – Associate Professor of the Department of Printing and Publishing at L. N. Gumilyov Eurasian National University, Ph.D. (Kazakhstan, Astana, e-mail: ashirbekova_75@mail.ru);

Kemelbek Rashid – is a 4th year student of the educational journalism program of the L. N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana, e-mail: kemelbek2022@mail.ru);

Pernebekova Aizhan Pernebekkyzy – Senior Lecturer at the Department of Broadcasting and Public Relations of the L. N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana, e-mail: aizhanpernebek@gmail.com).

Келін түсті: 1 қазан 2024 жыл
Қабылданды: 30 қараша 2024 жыл

2-бөлім
АҚПАРАТ ӘЛЕМІ

Section 2
WORLD OF INFORMATION

Раздел 2
МИР ИНФОРМАЦИИ

Р.С. Жақсылықбаева* , **А.Ш. Бүркітбаева** , **К. Қабылғазина** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: jak-rimma@mail.ru

ИНТЕРНЕТ ДӘУІРІНДЕГІ ЖУРНАЛИСТІК ЭТИКА: СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Интернет дәуірі журналистиканың қарқынды дамуына айтарлықтай ықпал етті. Журналистикадағы цифрлық технологияның өркендеуі екі маңызды салдарды туындатады: біріншіден, интернет жаңа медиа платформалардың, атап айтқанда, онлайн медианың құрылуына негіз болып, бұл ақпаратты іздеу, өңдеу және жылдам таралу процесіне жол ашты. Екіншіден, журналист этикасы публицистік жарияланым мен журналистердің мінез-құлқын реттейтін норма жиынтығы ретінде интернет-журналистика дәуірінде сын-тегеуірге тап болуда.

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – онлайн медиада этикалық норманы сақтаумен байланысты өзекті мәселені талдау, жалған ақпарат, фактіні бұрмалау, дереккөздің ашықтығы сынды журналистік этика бұзылуының негізгі түрін анықтау.

Зерттеуде мазмұндық талдау, кейс-стади, сауалнама сынды әдіснамалық тәсіл арқылы плагиат және фактінің бұрмалануы мен жалған ақпарат арқылы мақала мен онлайн медиа жарияланымның мазмұнын зерттеуге, талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында интернет технологияның қарқынды дамуы мен онлайн медианың артуы жағдайында байқалған журналистік этиканың бұзылуы қарастырылды. Тақырыптың өзектілігі цифрлық ортаның ақпаратты құру және тарату тәсілін айтарлықтай өзгерткеніне байланысты, бұл, өз кезегінде журналистикадағы этикалық норманың сақталуына әсер етеді. Мақалада фактілердің бұрмалануы және тексерудің болмауы, ақпаратты манипуляциялау сынды журналистік этиканың негізгі бұзылуы зерттелді. Әлеуметтік медиа мен жаңалық алмасу платформаларының журналистік материалдың сапасына және аудиторияның сеніміне әсері талданды. Зерттеу соңында цифрлық дәуірде қоғамды жауапкершілікпен ақпараттандыруды қамтамасыз ету үшін онлайн медиадағы этикалық стандартты нығайту бойынша ұсыныс тұжырымдалды.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңыздылығы журналистік кәсіби стандарт үшін жаңа сын-қатерді анықтауға көмектесетін цифрландыру жағдайында журналистік этиканың өзгеруіне байланысты мәселелерді өзектендіру қабілетінде жатыр. Зерттеу журналистиканың теориялық базасын байытады, онлайн медиа жағдайында этикалық норманың қалай өзгеретінін және одан әрі академиялық зерттеудің қаншалықты өрбитінін көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы цифрландырудың журналистиканың дәстүрлі этикалық нормасына әсерін жан-жақты талдаумен сипатталады. Мақалада сауалнама арқылы алынған эмпирикалық деректер және интернет жағдайындағы медиа тәжірибелер талданып, жасалған қорытындыларды негіздеуге және этикалық нормаларды заманға сай бейімдеу бойынша ұсыныстар тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: журналистік этика, онлайн медиа, БАҚ, журналистика, журналист жауапкершілігі, цифрландыру.

R.S. Zhasylykbaeva*, A.Sh. Burkitbayeva, K. Kabylgazina

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: jak-rimma@mail.ru

Journalistic Ethics in the Age of the Internet: Challenges and Opportunities

The Internet age has had a significant impact on the rapid development of journalism. The development of digital technologies in journalism generates two important consequences: first, the Internet has become the basis for the creation of new media platforms, especially online media, which has opened the way to the search, processing and rapid dissemination of information. Secondly, journalistic ethics, as a set of norms governing the publication and behavior of journalists, is facing challenges in the era of Online journalism.

The main purpose of this scientific article is to analyze topical issues related to the observance of ethical standards in online media, as well as to identify the main types of violations of journalistic ethics, such as the dissemination of false information, distortion of facts and transparency of sources.

The research uses methods of content analysis, case studies and surveys, which allows you to study and analyze the content of articles and publications in online media, as well as identify plagiarism, distortions of facts and false information.

The study examines the changes and manifestations of journalistic ethics in the context of the intensive development of Internet technologies and an increase in the number of online media. The relevance of the topic is due to the fact that the digital environment has significantly changed the ways of creating and distributing information, which, in turn, affects the observance of ethical standards in journalism. The article examines the main violations of journalistic ethics, such as distortion of facts and lack of verification, as well as manipulation of information. The impact of social media and news sharing platforms on the quality of journalistic materials and audience trust is analyzed. At the end of the study, recommendations are proposed to strengthen ethical standards in online media to ensure responsible public awareness in the digital age.

The scientific and practical significance of the article lies in the ability to actualize the issues of changing journalistic ethics in the context of digitalization, which helps to identify new challenges for professional standards of journalism. The research enriches the theoretical base of journalism and demonstrates how ethical norms are changing in the context of online media and how further academic research can develop.

The scientific novelty of the research is characterized by a comprehensive analysis of the impact of digitalization on the traditional ethical norms of journalism. The article analyzes the empirical data obtained as a result of the survey and media practices in the context of the Internet, which allows us to substantiate the conclusions and offer recommendations on adapting ethical standards to modern conditions.

Key words: journalistic ethics, online media, mass media, journalism, journalist's responsibility, digitalization.

Р.С. Жақсылықбаева*, А.Ш. Буркитбаева, К. Кабылгазина
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
*e-mail: jak-rimma@mail.ru

Журналистская этика в эпоху Интернета: вызовы и возможности

Эпоха Интернета оказала значительное влияние на стремительное развитие журналистики. Развитие цифровых технологий в журналистике порождает два важных последствия: во-первых, Интернет стал основой для создания новых медиаплатформ, особенно онлайн медиа, что открыло путь к поиску, обработке и быстрому распространению информации. Во-вторых, журналистская этика, как совокупность норм, регулирующих публикации и поведение журналистов, сталкивается с вызовами в эпоху интернет-журналистики.

Основная цель данной научной статьи – анализ актуальных вопросов, связанных с соблюдением этических норм в онлайн медиа, а также выявление основных видов нарушений журналистской этики, таких как распространение ложной информации, искажения фактов и прозрачность источников.

В исследовании используются методы контент-анализа, кейс-стади и опросов, что позволяет изучить и проанализировать содержание статей и публикаций в онлайн медиа, а также выявить плагиат, искажения фактов и ложные сведения.

В ходе исследования рассмотрены изменения и проявления журналистской этики в условиях интенсивного развития интернет-технологий и увеличения числа онлайн медиа. Актуальность темы обусловлена тем, что цифровая среда существенно изменила способы создания и распространения информации, что, в свою очередь, влияет на соблюдение этических норм в журналистике. В статье исследуются основные нарушения журналистской этики, такие как искажение фактов и отсутствие проверки, а также манипуляция информацией. Анализируется влияние социальных медиа и платформ для обмена новостями на качество журналистских материалов и доверие аудитории. В конце исследования предлагаются рекомендации по укреплению этических стандартов в онлайн медиа для обеспечения ответственного информирования общества в цифровую эпоху.

Научно-практическая значимость статьи заключается в способности актуализировать вопросы изменения журналистской этики в условиях цифровизации, что помогает выявить новые вызовы для профессиональных стандартов журналистики. Исследование обогащает теоретическую базу журналистики и демонстрирует, как изменяются этические нормы в условиях онлайн медиа и как могут развиваться дальнейшие академические исследования.

Научная новизна исследования характеризуется комплексным анализом влияния цифровизации на традиционные этические нормы журналистики. В статье анализируются эмпирические

данные, полученные в результате опроса, и медийные практики в условиях Интернета, что позволяет обосновать выводы и предложить рекомендации по адаптации этических норм к современным условиям.

Ключевые слова: журналистская этика, онлайн медиа, СМИ, журналистика, ответственность журналиста, цифровизация.

Кіріспе

Интернет дәуірі дәстүрлі этика нормасын қайта қарауды талап ететін жаңа стандарт пен сыр-тегеурінді енгізу арқылы журналистиканың ландшафтын түбегейлі өзгертті. Ақпаратқа жылдам қол жеткізу және жедел жариялау мүмкіндігімен материалдар кең аудиторияға қол жетімді болғанымен, бұл өз кезегінде журналистік тәжірибеде сапаға, сенімділікке және жауапкершілікке деген көзқарастың өзгеруіне әкеледі. Қазіргі журналистер жеделдікке үмтылу және этикалық қағиданы сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігіне тап болады. Бұл мамандық алдындағы қиындықтар мен олықылықтарға әсер етеді.

Интернет қол жетімді іздеу жүйелері арқылы журналистердің қызметін айтарлықтай жеңілдетті. Ол мамандық қызметі аясында ақпарат жинауға, материалды редакциялармен бөлісуіне және оларды лезде оқырманға ұсынуға жол ашты (Ishwara, 2014). Алайда, осындай артықшылықтың көрініс беруіне қарамастан, интернет-технология саласындағы өзгеріс бұқаралық ақпарат құралының алдында тұрған міндеттің күрделенуіне әкеледі. Бұл, әсіресе, журналистік кәсіпте қатаң сақталуды талап ететін журналистік этикаға тікелей қатысты.

XXI ғасырдағы жаңа медианың бір түрі ретінде онлайн БАҚ ақпаратқа қол жеткізудің қол жетімділігіне байланысты үлкен танымалдыққа ие. Оның интернетте бағамдалған артықшылығының арқасында аудитория ақпаратқа қашықтық пен уақыт шектеуінсіз еркін қол жеткізеді. Сонымен қатар, егер бұрын басылған бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтары егжей-тегжейлі терең журналистік зерттеулерді ұсынатын болса, қазіргі онлайн медиа бетінен көбінесе қысқа форматтағы ақпарат көрініс береді. Бұл факт онлайн БАҚ-тың цифрлық дәуірде негізгі ақпарат көзі ретінде сұранысқа ие етеді (Lestari, 2018).

Күн өткен сайын онлайн медианың саны артып, аудиторияның сұранысын қанағаттандыруымен қатар, онда журналистік этиканың бұзылуы жиі көрініс береді. Оның ішінде, журналистердің мінез-құлқынан бастап, жарнама

мен жарияланған жаңалыққа дейінгі этикалық талаптың сырт кетуін қарастыруға болады.

Этика – журналистік мінез-құлқын бақылауға арналған моральдық нұсқаулық. Журналистік этика кодексіне іске асыру – мамандардың өз міндетін орындаудағы кәсіби критерийінің бірі. Ол ақпарат құралдарын бақылаудан бөлек, білім беру, сауатты жазуға тәрбиелеу қызметін орындайды (Tania, 2018).

Этика – журналистер кәсібилігінің маңызды бөлігі. Этика мәселесі мамандық үшін де, журналистік өнімге де аса маңызды. Себебі, этикалық талаптар арқылы журналистер кәсіби идеализмін дамытып ғана қоймай, сонымен қатар, БАҚ-тың қоғамға айтарлық әсер етуіне мүмкіндік береді (Lewi, 2014).

Журналистік этикаға қатысты отандық зерттеулерді талдай отырып, қазіргі таңда аталған саладағы ғылыми еңбектің аздығын байқауға болады. Отандық авторлардың ішінде сүбелі еңбек ретінде зерттеуші Р. Жақсылықбаеваның «Журналист этикасын» (2013) бөліп көрсетуге болады. Зерттеу журналистік қызмет саласындағы әдеп пен объективтілікті талдайды. Бұл саладағы тағы бір маңызды зерттеудің бірі – ғалым Е.И.Дудинованың «Этика журналиста» (2012) оқу құралында журналист ұстануы тиіс моральдық, этикалық бағдар мәселесін көтереді, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралының қызметін реттейтін негізгі міндеті мен тәсілін қарастырады. Соңғы жылдарда медиа этика бойынша онлайн курстар жарық көрді. Қазақстанның ашық университеті (2018) студенттерге ғана емес, кәсіби журналистерге этика саласындағы білімін тереңдетуге, оқиғаны жариялау мен ақпараттық ағынды басқарудың жаңа тәсілін игеруге көмектесетін курстар сериясын әзірледі. Курстар журналистикадағы моральдық-этикалық нормаларды анықтаудан бастап, этикалық қағида бұзылған жағдайдағы талдауға дейінгі көптеген тақырыпты қамтиды.

Алайда цифрлық платформалардың белсенді дамуына және ақпарат алаңындағы интернет ресурстың өсіп келе жатқан ағынына байланысты отандық БАҚ айтарлықтай өзгерістерге ие болды. Әсіресе, плагиат, пакеттік журналистика, жаңалықтарды клондау мәдениеті сынды мәсе-

лелер өткір болып тұр. Осы өзгерістер жағдайында журналистік этика мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулер толыққанды жүргізілмеген.

Сондықтан, бұл зерттеуде интернет дәуіріндегі орын алған журналистік этика бұзылуының көрінісі зерттелді. Мақалада онлайн медиада жарияланған материалдарды этикалық тұрғыдан зерттеп, тексеру жүзеге асырылды. Нәтижелері онлайн-журналистика тәжірибесіне, журналистік этика аясындағы зерттеулерге өзіндік үлес қосады деп күтілуде.

Зерттеудің мақсаты: онлайн медиада этикалық нормаларды сақтаумен байланысты өзекті мәселелерді талдау. Мақала жалған ақпарат, фактілерді бұрмалау, дереккөздердің ашықтығы сынды журналистік этика бұзылуының негізгі түрін анықтауға бағытталған.

Әдебиеттерге шолу

Медиа-этика тұжырымдамасы ғасырлар бойы айтарлықтай өріс алып, әлеуметтік өзгерістің, технологиялық жетістіктің және баспасөздің дамуындағы рөлінің әсерінен қалыптасты. Бастапқыда баспасөз журналистикасының этикалық стандарты негізінен бейресми болды (Bermes, 2021). Журналистік этиканы кодификациялаудың алғашқы маңызды әрекеті XIX ғасырда АҚШ-та баспасөздің пайда болуымен тікелей байланысты. XX ғасырда журналистикада этикалық норманы белгілеуде үлкен күш жұмсалды. Американың газет редакторлары қоғамы (ASNE) алғашқы этикалық Кодексті 1923 жылы қабылдап, бейтараптық, әділеттілік және шындыққа деген адалдық принциптеріне баса назар аударды. Бұл кезең зерттеу журналистикасының пайда болуымен ерекшеленді, онда Уотергейт жанжалы сияқты маңызды жағдайлар сыбайлас жемқорлық пен биліктің есеп берудегі қателерін ашу үшін этикалық норманы сақтаудың маңыздылығы көрсетілді (Kovach & Rosenstiel, 2014).

Жаһандық деңгейде әртүрлі баспасөз кеңесі мен реттеуші органдардың құрылуы журналистикадағы этиканың маңыздылығын одан әрі ұлғайтты. 1966 жылы құрылған Үндістанның Баспасөз кеңесі және 2014 жылы құрылған Ұлыбританияның тәуелсіз баспасөз стандарттары ұйымы (IPSO) журналистік тұтастықтың жоғары стандарттарын сақтауға бағытталған күш-жігердің мысалы болды. Бұл ұйым этиканы бұзудағы мәселені шешуде және медиа индустриядағы есеп беруді қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды (Ward, 2008).

Цифрлық медиа пайда болғанға дейін ақпарат негізінен баспа, радио және теледидар арқылы таратылды. Бұл дәстүрлі медиа формалары дәлдікке, фактілерді тексеруге және редакциялық бақылауға басымдық беретін белгіленген норма мен стандарт шеңберінде жұмыс істеді (Karadimitriou, 2022). The New York Times және The Washington Post сияқты беделді газеттер саланың стандартын белгілей отырып, мұқият репортаждық жұмыс пен редакциялық тұтастықтың үлгісі ретінде қызмет етті. Телевизиялық журналистика да қатаң стандартты ұстанды және BBC, CBS және NBC сияқты ірі желілер сенімді редакциялық саясатты қолдады. 1949 жылдан 1987 жылға дейін жұмыс істеген Америка Құрама Штатындағы әділеттілік доктринасы хабар таратушылардан қоғамдық маңызы бар даулы мәселені әділетті түрде ұсынуды талап етті.

Медиа этиканың тарихи контексті журналистикадағы дәлдік, әділеттілік міндетін орындауын қамтамасыз етеді. Медиа этика эволюциясы баспасөздің сенімі мен тұтастығын сақтаудағы осы принциптердің негізгі рөлін айқындайды.

Цифрлық дәуір жалған ақпараттың өсуімен бұрын-соңды болмаған қиындық туғызып, ақпаратты тарату тәсілін біршама өзгертті. Интернеттің жылдамдығы мен қол жетімділігі жалған ақпараттың ғаламдық аудиторияға тез таралуына жол ашты (Lazer, 2018). Әлеуметтік медиа платформалар әлемдегі миллиондаған адамның жаңалықтарды тұтынуының негізгі арнасы ретінде қызмет ететін заманауи ақпараттық алаңның кілтіне айналды. Алайда олардың жалған ақпарат таратудағы рөлі елеулі этикалық талаптың сақталуын қамтамасыз етуде қауқарсыз болып отыр. Facebook, Twitter және YouTube сияқты платформалар оқырман назарын тарту үшін жалған ақпараттың таралуына мүмкіндік беруде (Anduiza, 2010). Сондықтан онлайн медиадағы жауапкершілік пен реттеу талаптары қазіргі журналистиканың басты мәселесіне айналды. Бұл мәселені шешу технологиялық инновацияларды, мазмұнды модерациялаудың сенімді саясатын және аудитория арасында медиа сауаттылықты арттыруды қамтитын әртүрлі тәсілді талап етеді.

Осы тұста біз жалған ақпараттың таралуымен күрескен шетелдің БАҚ-дың мысалдарын ұсындық.

The New York Times өзінің журналистік тәжірибесінде фактілерді тексерудің сенімді әдісін енгізді. Редакция 2020 жылы АҚШ-тағы прези-

денттік сайлау кезінде ашық дереккөздердегі фактілерді тексеру әрекеті жалған ақпаратты тез арада жоққа шығаруда шешуші рөл атқарды. Times осы ұстаным арқылы басылымға деген сенімді нығайтып ғана қоймай, сайлаудың маңызды кезеңінде оқырмандарға сенімді ақпарат таратты (Bateman and Jackson, 2024).

Маңызды оқиғаларға қатысты жалған ақпараттың алдын алу үшін BBC «Reality Check» функциясын іске қосты. Жүйелі түрде тек шынайы ақпарат беру арқылы BBC өзінің бейтараптық пен дәлдік беделін сәтті сақтап қалды. BBC «Reality Check» функциясы арқылы аудиторияға жалған ақпараттың көптігіне қарамастан нақты және дәлелденген деректерді ұсына алды (BBC, 2019).

Журналистік этиканың негізін құрайтын бірнеше принцип медиаға деген сенімділікті сақтаудың басты құралы ретінде қарастырылады. Әлемдік кәсіби журналистер қоғамы (SPJ) этикалық кодексінде: «Фактілерді, дереккөздерді мұқият тексеру және қателерді уақтылы түзету» сынды талаптарды ұсынады. Ал журналистерден құралған IPSO (Тәуелсіз баспасөз стандарттары ұйымы) талаптарында қоғамдық ақпарат құқығы мен адамдардың жеке өмір құқығы арасындағы тепе-теңдікті сақтау талап етіледі. Бұл принциптер бірлесіп журналистиканың қоғамның сенімді және этикалық тірегі болып қалуын қамтамасыз етеді (Ibbi, 2016). ҚР журналисінің этикалық кодексі (2012) аталған нормаларды толық негіздеп, оған «бәсекелестік пен ынтымақтастық» талаптарын қосады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің материалдық негізі интернет дәуіріндегі журналистік этикадағы өзгерісті талдауға мүмкіндік беретін баспа және онлайн басылым жарияланымдарын қоса алғанда, онлайн медиадағы әртүрлі ақпараттық нысанды қамтыды. Іріктеме журналистиканың түрлі жанрын, соның ішінде, ақпараттық, зерттеу және талдау, сараптама материалдарды қамтыды. Бұл зерттеу онлайн кеңістікте қандай тақырып пен тәсілдің өзекті болатынын және олардың бұрмалануына қалай жол берілетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі талданатын тақырыпқа жан-жақты көзқарасты қамтамасыз ететін бірнеше әдісті қолдануға негізделген. Ең алдымен, жарияланымдардың мазмұнын сапалы және сандық зерттеуді жүзеге асыруға арналған контент-талдау қолданылды. Бұл әдіс мазмұн-

ның әртүрлі аспектісін анықтауға, жүйелеуге бағытталған. Ол этикалық бұзылудың орын алу жиілігін бағалауға ғана емес, олардың онлайн кеңістікте қандай контексте көрініс беретінін талдауға мүмкіндік береді.

Мазмұнды талдау этикалық мәселелердің медиада қалай тұжырымдалатынын және олардың қоғамдық пікір мен мінез-құлықпен қандай байланысы бар екені тереңірек түсінуге ықпалдасады. Маңыздысы, мұндай талдау әр түрлі жарияланымдарды қамтиды жаңалықтар мақалаларынан блогтар мен әлеуметтік медиаға дейін, бұл жағдайдың толық бейнесін жасауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, зерттеу жарияланымдар контекстіндегі этикалық бұзылуға қатысты негізгі тақырыпты анықтауда кейс-стади әдісі арқылы жүргізілді. Бұл әдіс аудитория мен авторлардың онлайн мазмұндағы этикаға қатысты қабылдауын тереңірек зерттеуге, қандай да бір бұзылудың орын алуын анықтауға арналған. Кейс-стади әдісі плагиат және фактіні бұрмалау, жалған ақпаратты анықтау арқылы мақалалар мен онлайн медиа жарияланымдарының мазмұнын зерттеуге және талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде қолданылған тағы бір әдіс – сауалнама. Ол респонденттердің медиа этика мәселесі бойынша пікірі мен тәжірибесі туралы деректі жинау құралы болды. Сауалнама мақсатты аудиторияның әртүрлігін ескере отырып әзірленді. Бұл репрезентативті деректерді жинауға және жағдайды әртүрлі тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Ақпар жинау 2024 жылы жүзеге асырылды. Сауалнама Қазақстандағы онлайн медиа журналистерінің арасында анонимді түрде жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны – 100. Оның 44-і – мемлекеттік медиа, 56-сы – жеке медиада қызмет етеді. Журналистердің ынтымақтастығын арттыру үшін біз сауалнаманы анонимді екенін және нәтижелерді тек ғылыми мақсатта ғана пайдаланатынымызды жеткіздік. Эмпирикалық зерттеуде жинақталған деректер мақалада кесте түрінде ұсынылды.

Зерттеу аясында деректерді жинау үшін бақылау мен құжаттама әдістері қолданылды. Жиналған деректер статистикалық әдістерді қолдана отырып талданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

2024 жылдың соңғы деректері бойынша Қазақстанда 5885 БАҚ есепке қойылған, оның ішінде 1245 – интернет БАҚ (ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, 2024). 2024 жылдың қыр-

күйек айында ҚР «Байланыс туралы» Заңын бұзғаны үшін 2716 интернет-ресурстарға шектеу қойылған. Бұл онлайн медианың 11 түрлі бұзуларла жол бергенімен сипатталады. Олардың

ішінде, терроризм, экстремизм, есірткі туралы ақпарат таратқан, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттаған ақпараттық порталдар да кездеседі (1-сурет).



Ескерту: автор құрастырған

1-сурет – Онлайн медиадағы бұзылулар түрі

1-суреттегі заңсыздықтар ҚР Журналист этикасының бұзылуларына толық сәйкес келеді. Нақтырақ айтқанда кодекстің бес талабының бұзылуы көрінеді:

1. Кәсіби қарыз. Журналистер қоғамда тұрақтылық пен келісімді сақтай отырып, сөз және ақпарат бостандығы үшін әрекет етуі керек. Ақпараттың дұрыстығы үшін журналист әрбір хабарлама дәлелденген деректерге негізделуі керек екенін баса назарға алуы қажет.

2. Әлеуметтік жауапкершілік. Мұнда журналистер қоғамның моральдық және этикалық норманы сақтауда маңызды рөл атқаратындығына назар аударады. Бұл тексерілмеген ақпаратты таратудан бас тартуды қамтиды, әсіресе қазіргі заманғы ақпараттық ағындар жағдайында үлкен маңызға ие.

3. Адалдық және дұрыс емес тәжірибелер. Кодекс журналистерді кез келген сыртқы қысымды қабылдамай, адалдық пен тәуелсіздікке шақырады. Бұл журналистік қоғамдастыққа сенім артуға негіз жасайды.

4. Сенімділік пен объективтілік. Объективтілік пен тепе-теңдік маңызды принцип ретінде бағаланады. Журналистер ақпаратты жарияламас бұрын әртүрлі көздер мен фактілерді тексеруі керек, бұл толыққанды және адал ақпараттық контекст құруға ықпал етеді.

5. Дереккөздер және құпиялылық. Журналистер өз ақпарат арнасын қорғай білуі керек,

сонымен бірге қоғамдық мүдделер үшін ақпараттың ашықтық қажеттілігін бағалай білу керек. Бұл көздерді қорғау мен қоғамдық мүдделер арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін айқындайды.

Бұл кодекс бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамды объективті ақпаратпен қамтамасыз етудегі маңызды рөлі мен миссиясын баса көрсетеді. Сонымен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық-этикалық үлгілерді бөліп бағамдайды. Журналистер Қазақстан Республикасының әдеп кодексін қабылдай отырып, өздерінің кәсіби қызметінің қағидаттары мен нормаларын қалыптастырады. Кодекс өзін-өзі тәрбиелеу мен моральдық бағдарлау құралы ретінде қызмет етеді, журналистер мен БАҚ-қа деген сенім мен құрметті үстемдейді. Ол әлеуметтік жауапкершілік, адалдық пен сенімділік, жеке өмір мен зияткерлік меншікті құрметтеу және журналистерді қорғау сынды маңызды аспектілерді қамтиды. Кодекс этикалық норманы анықтап ғана қоймай, сонымен бірге журналистің өз әрекеті үшін жауапкершілік, оның ішінде ақпараттың дұрыстығы мен азаматтардың құқығын сақтау жауапкершілігін көрсетеді. Алайда бұл кодекс онлайн медиаға қатысты нақты талапты қамтымайды. Интернет дәуіріне негізделген нақты талаптың болмауы цифрландыру және коммуникацияның жаңа нысаны жағдайында өзектілікке ие болған эти-

калық норманы үнемі талқылау мен жаңарту қажеттілігін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген этикалық бұзылулар журналистика мен бұқаралық коммуникация, оның ішінде онлайн медиа саласында моральдық әдептің маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан біз онлайн медиа саласының қызметкері арасында этикалық талаптарға байланысты сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың алғашқы сұрағы ҚР журналистінің этика кодексiнен хабардарлығын анықтауға бағытталды. Респонденттердің 48%-ы кодекспен таныс әрі оны құрметтейтін», 19%-ы хабардар екенін, алайда жеке таныспағанын, 33%-ы таныс емес екенін жеткізді. 1-кестеден біз сауалнамаға қатықан журналистердің этикалық кодексден хабардарлығы туралы жауаптарын көре аламыз:

1-кесте – Қазақстандық онлайн медиа журналистерінің этикалық кодексден хабардар болуы

Этикалық кодексден хабардарлығы	Саны	%
Толық таныс, әрі сақтайды	48	48
Ішінара таныс немесе хабары бар	19	19
Мүлдем таныс емес	33	33

Ескерту: автор құрастырған

Сауалнамаға қатысқан журналистердің жартысы ғана этикалық кодексден хабардар әрі оны қызмет барысында сақтайды.

Журналистік қызметтегі этикалық бұзылуларды анықтаудағы қиындықтар журналистің этика нормасын дұрыс білмеуінен де айқындалады. Журналистер көбінесе жасалған олқылықтарды түсінбейді немесе оларды көп жағдайда «дұрыс» деп санайды. Интернет журналистика дәуіріндегі журналистердің мінез-құлқындағы этикалық бұзылуларға мыналар жатады:

Пакеттік журналистика – бұл оқиға немесе тақырып туралы ақпарат «пакетке» біріктірілген алдын ала дайындалған материалдар форматында берілетін журналистикадағы жаңа тәсіл. Бұған әдетте мақалалар, бейнелер, инфографика және оқырманға немесе көрерменге оқиға туралы толық түсінік алуға мүмкіндік беретін басқа мультимедиялық элементті қамтиды. Пакеттік журналистикада журналистер топтық қызмет етеді. Осы түрге байланысты Джонатан Матусиц пен Джеральд-Марк Брин «Пакеттік журналистикадағы заңсыздық салдары» атты зерттеуінде

пакеттік журналистиканың төмендегідей анықтамаларын ұсынды:

«Пакеттік журналистика – бұл үлкен журналистік топтардың бір оқиғаны жариялау үшін бірлесіп жұмыс істейтін кең таралған медиа тәжірибесі. Бұл саланың жиі көрініс табуын шектеу қажет». Авторлардың айтуынша, пакеттік журналистиканың кем дегенде жеті салдары болуы мүмкін: жалқау журналистика; қоғамға әсер ету (оқырмандар мен көрермендер); жеке өмірдің бұзылуы; жаңалықтар тәуелсіздігінің бұзылуы; жаңалықтарға сенімділіктің жоғалуы; жалған ақпараттардың көбеюі; экономикалық тиімсіздік. Жаңалықтарды клондау мәдениеті. Мұнда оқиғалар немесе тақырыптар туралы ақпарат әртүрлі бұқаралық құралдарда жаппай көшіріледі, көбінесе минималды өзгерістермен немесе түпнұсқа мазмұнды қоспай жарияланады.

Жаңалықтарды клондау мәдениеті. Мұнда оқиға немесе тақырып туралы ақпарат әртүрлі бұқаралық құралдарда жаппай көшіріледі, көбінесе минималды өзгерістермен немесе түпнұсқа мазмұнды қоспай жарияланады. Бұл пресс-релизді қайта басып шығару, бірдей дереккөзді пайдалану немесе тіпті басқа сайттан мақаланы көшіру түрінде көрініс табады. Жаңалықтарды клондау мәдениеті журналист жариялайтын жаңалықтарға ғана емес, жаңалықты жасау кезіндегі мінез-құлқына да қатысты.

Жаңалықтар агрегаторы. Жаңалықтар агрегаторын белгілі бір сайтта сілтеме ретінде ұсынылған әртүрлі көзден алынған жаңалықтар жинағы ретінде түсіндіруге болады. Бұл журналистика саласында плагиаттың орын алуына, авторлық құқықтың бұзылуына әкеледі.

Этикалық бұзылулардың жоғарыда аталған түрлері бойынша сауалнаманың екінші сұрағы қойылды. Нәтижесі 2-кестеде берілген.

2-кесте – Онлайн медиадағы этикалық бұзылулар көрінісі

Этикалық бұзылулар түрлері	Саны	%
Пакеттік журналистика	17	17
Жаңалықтарды клондау мәдениеті	73	73
Жаңалықтар агрегаторы	55	55

Ескерту: автор құрастырған

Алынған нәтижеден көріп отырғанымыздай, сауалнамаға қатысқан респонденттің басым бөлігі онлайн медиада клондау мәдениеті жиі кез-

десетінін мәлімдеді. Бұл белгілі бір мекемелер жіберетен пресс-релиздерді өзгеріссіз жариялайтындығынан көрінеді. Оның нақты мысалы ретінде «Астанада екі азамат есірткімен ұсталды» тақырыбында [inform.kz](https://kaz.inform.kz/news/astanada-ek-azamat-esrtkmen-ustaldi-30c957/) (<https://kaz.inform.kz/news/astanada-ek-azamat-esrtkmen-ustaldi-30c957/>) және [elordainfo.kz](https://elordainfo.kz/elorda-janalyktary/astanaly-landy-tar-eki-azamatty-esirtkimen-stady) (<https://elordainfo.kz/elorda-janalyktary/astanaly-landy-tar-eki-azamatty-esirtkimen-stady>) медиа кеңістіктеріндегі клондалған ақпаратты келтіруге болады. Этикалық бұзылулардың екінші жиі кездесетін түрі – жаңалықтар агрегаторы. Мысалы, [astana.tv](https://astanatv.kz/kz/news/129983/) (<https://astanatv.kz/kz/news/129983/>) телеарнасы massaget.kz порталына сілтеме жасап, материал ұсынады.

Этикалық стандарт пен кодекстерге сәйкес журналист этикалық және кәсіби принциптерді басшылыққа алуға міндетті. Қазақстан сынды демократиялық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары еркін, тәуелсіз және әртүрлі пікірлерге ашық болуы керек. Журналист өз жұмысы үшін қоғам алдында, сондай-ақ, заң және медиа ұйымы алдында жауапты. Осы тұста келесі сұрақ журналистердің жұмысына деген жауапкершілігіне қатысты болды. Нақтырақ айтқанда, фактіні бұрмалау мен жалған фактіні жариялауға байланысты өрбіді.

3-кесте – Журналистердің жауапкершілігі

Жауапкершілік	Саны	%
Толық жауапкершілік алады	85	85
Ішінара жауапкершілік алады	15	15
Жауапкершілік алмайды	0	0

Ескерту: автор құрастырған

Респонденттің көпшілігі, атап айтқанда 85%-ы мақала жазып, жариялағанда толық жауапкершілік алатынын жеткізді. 15%-ы ішінара жауапкершілік алады. Бұл респонденттер, әсіресе, саяси өзгеріс пен іс-шара кезінде фактінің бұрмаланатынын мәлім етті. Жауапкершілік алмайтын журналистер жоқ.

Журналист ар-ождан кодексіне сәйкес журналистік ұйым жарғысының ережесінде немесе жалпы қабылданған кәсіби этикалық стандарттарда көрсетілген негізгі міндеттерге қайшы жағдайда жұмыс тапсырмасын орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл құқық журналистің кәсіби тәуелсіздігі мен тұтастығын қорғауға қызмет

етеді, сондай-ақ оған өз жұмысында моральдық сенімі мен жоғары сапа стандартын ұстануға мүмкіндік береді. Алайда, қоғам жұмыссыздықтың жоғары деңгейі сынды үлкен қиындыққа тап болған жағдайда, бірең-сараң журналист ғана этика тұрғысынан күмән тудыратын тапсырманы орындаудан бас тарта алады.

Қазақстанның онлайн медиа журналистер арасында жүргізілген зерттеу кәсіби стандарт пен нақты тәжірибе арасындағы қайшылықты анықтады. Көптеген журналистің өзіне жүктелген тапсырманы қабылдамау мүмкіндігі аз болса да, өздерінің медиа ұйымында қолданылатын белгілі бір факті мен тәсілмен келіспейтіндігін ашық айта алады. Бұл қысым мен шектеулі мүмкіндіктер жағдайында да белгілі бір дәрежеде кәсіби рефлексия мен этикалық стандартқа ұмтылуын көрсетеді.

Осылайша, журналистер белгілі бір тапсырманы орындауға мәжбүр болғанымен, өзінің кәсіби сәйкестігі мен моральдық белгілерін сақтауға тырысады деген қорытынды жасауға болады. 4-кестеде келтірілген нәтиже мәліметінен респондент пікірі ішкі және сыртқы фактор әсерінен қалыптасатынын көруге болады.

4-кесте – Журналистердің жеке көзқарасы

Жауапкершілік	Иә	Жоқ
Сіздің немесе ұжымдағы белгілі бір журналистің медиа ұсынған тапсырманы орындаудан бас тартқан кезі болды ма?	61	39

Ескерту: автор құрастырған

Зерттеу негізінде Қазақстандағы онлайн медиа журналистері өздерінің еркін ақпарат ағынының құқығы мен міндетін бекітетін Кодекс ережесінен ішінара хабардар деген қорытынды жасауға болады. Түрлі журналистік бірлестіктің этикалық кодекстеріне сәйкес журналист өзекті және сенімді ақпарат бере отырып, тек қоғамның мүддесі үшін әрекет етуі керек, бірақ біздің зерттеуіміздің нәтижесі Қазақстан журналистикасының нақты тәжірибесі осы идеалдан алыс екенін көрсетеді. Себебі, онлайн медиа тәжірибесінде клондау мәдениеті мен агрегаторлар жиі кездеседі.

«Америкалық кәсіби журналистер қоғамының этикалық кодексі» журналист мүддесі қайшылықтан аулақ болуға міндетті деп санайды.

Олар қауымдастықтан, саяси партиядан бастама алған оқиғаны жариялауда олардың адалдығына немесе сенімділігіне нұқсан келтіруі мүмкін басқа әрекеттен еркін бас тарта алады. Аталған норма журналистердің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және оларды сыртқы қысымнан қорғауға арналған, бұл өз кезегінде жаңалықтарды сапалы әрі объективті жариялауға ықпал етеді. Қазақстанда бұл норма әлі жүйелі түрде қалыптаспаған.

Қорытынды

Осылайша, зерттеу жұмысы қазіргі жалған онлайн медиа дәуіріндегі негізгі элемент ретінде журналистік тұтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Ақпараттың лезде және бақылаусыз таралуы журналистерге этикалық ұстанымды қатаң сақтауды ғана емес, сонымен қатар жалған ақпаратпен күресудің инновациялық стратегиясын әзірлеуді талап етеді. Дұрыс емес ақпарат қоғамдық пікірге, тіпті саяси шешімге әсер ету жағдайында, жаңалықтардың сапасы мен сенімділігін қалыптастыру маңызды міндет саналады.

Медиа бағыттың эволюциясы цифрлық платформада туындайтын қиындықпен қатар, фактілерді қатаң тексеру, ақпаратты жинау және тарату процесінде ашықтықты қамтамасыз ету және сенімді редакциялық саясатты құру қажеттілігін көрсетеді. Бұл шаралар журналистиканың сапасын арттырып қана қоймай, соңғы жылдары айтарлықтай бұзылған бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімділікті қалпына келтіруге көмектеседі.

Сонымен қатар, бұқараның жалған ақпараттан сенімді ақпаратты ажырата білу қабілетін нығайтудағы медиа сауаттылықтың рөлін жоғары бағалауға болады. Фейктер мен манипуляцияларға толы заманауи ақпараттық кеңістікте азаматтарды медиа саласында оқыту сыни аудиторияны қалыптастырудың ажырамас бөлігіне айналды.

Болашаққа көз жүгіртсек, озық технологияның интеграциясы, журналист үшін үздіксіз кәсіби даму және медиа сауаттылықты жан-жақты оқыту – журналистиканың сенімділігін сақтау үшін өте маңызды. Журналист жаңа жағдайға бейімделіп, фактіні тексеруде, сондай-ақ аудиторияға ақпаратты тиімдірек жеткізуде заманауи құралды қолдану керек.

Жақсы ақпараттандырылған және сыни аудиторияны қолдай отырып, біз демократиялық қоғамның негізін нығайтуға ғана емес, сонымен

бірге шындық пен тұтастық орнаған журналистиканың жоғары стандартын қамтамасыз етеміз. Бұл өз кезегінде сындарлы диалог пен азаматтардың қоғамдық өмірге саналы қатысуына негіз жасайды.

Дамыған қоғамдағы медианың рөлін бақылай отырып, бұқаралық ақпарат құралының негізгі міндеті әлеуметтік-саяси оқиғаны бақылаушы, талдаушы ретінде қызмет ету деп айтуға болады. Ең дұрысы, бұқаралық ақпарат құралының басты мақсаты – оқырманды хабардар етіп, билік пен халық арасында тұрақты байланысты орнату. Алайда, біздің зерттеуіміз, Қазақстандағы онлайн медида кейбір ақпараттың ұсынылуы сиреп бара жатқанын көрсетеді.

Интернет журналистика дәуірінде журналистік этика күрделі және көп қырлы тақырыпқа айналды, әсіресе дәстүрлі журналистикадан айтарлықтай ерекшеленетін онлайн БАҚ сипаттамасында қатаң қадағалауды талап етеді. Бұл талап журналистикадағы жарияланымға да, журналистің мінез-құлқына да тікелей қатысты. Интернетке негізделген этикадағы өзгеріс бірнеше аспектілерде көрініс табады. Біріншіден, барған сайын қалыпты құбылысқа айналатын топтық журналистика материалдарының артуы. Екіншіден, жаңалықты клондау және қайта өңдеу мәдениеті жеке журналист жұмысының бірегейлігіне нұқсан келтіреді. Үшіншіден, онлайн кеңістікте жиі ұсынылатын жаңалық агрегаторлары журналист қызметіне көлеңке түсіріп, бұқаралық ақпарат құралына мазмұнды зерттеу аясын тарылтады.

Интернет журналистика дәуіріндегі журналистік этиканы бұзудың осы тенденцияларын ескере отырып, онлайн БАҚ-та этика ережелерін сақтау үшін нақты қадам жасау өте маңызды. Осындай қадамның бірі – онлайн журналистика практикасының ерекшелігі мен қиындығын ескеретін журналистік этикаға бейімделген мақалалар әзірлеу. Бұл этикалық норманың бұзылуын азайтуға және журналистиканың негізгі мәнін, ақиқат пен қоғамдық мүддені қорғауға деген ұмтылысты қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Онлайн БАҚ-та этикалық бұзылу жағдайын жақсарту үшін журналистерге әдеп кодексі туралы хабардар етуді күшейту, цифрландыру жағдайында жаңа сын-қателер туралы білімді өзектендіру бағытындағы семинарларды ұдайы өткізу қажет. Плагиаттың алдын алу, авторлық құқықты қорғауда жаңалықтар агрегаторлары мен материалдарды клондау сынды цифрлық платформалар ерекшелігін ескере отырып, он-

лайн БАҚ үшін қосымша стандарт әзірлеу және енгізу маңызды.

Мазмұн сапасын төмендететін және журналистердің дербестігін бұзатын пакеттік журналистиканың таралуының алдын алу – маңызды шара. Ақпараттық сапасын арттырудағы маңызды қадам – метариалдардың объективтілігі үшін жауапкершілікті күшейту. Бұл дұрыс емес ақпараттық таралуына жол бермеу үшін ішкі тексерулер мен редакциялық талаптар жүйесін енгізуде талап етеді.

Журналистің кәсібилігін қамтамасыз ету үшін этикалық мәселені шешуде тәжірибе алмасу және қолдау платформаларын құру қажет. Бұл БАҚ қызметкерлерінің кәсібилігін арттырумен қатар, оларды жұмыс барысында орын алатын қателіктер мен қауіптерден араша етуге ықпалдасады. Сондай-ақ кері байланыс тетігін дамыту және онлайн БАҚ-қа деген сенімді арттыру үшін редакциялық шешімнің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы аудиториямен іс-қималды нығайту маңызды.

Әдебиеттер

Anduiza, E., Gallego, A., & Cantijoch, M. (2010). Online political participation in Spain: The impact of traditional and Internet resources. *Journal of Information Technology & Politics*, 7(4), 356-368.

Bateman, J., & Jackson, D. (2024). Countering disinformation effectively: An evidence-based policy guide.

Bermes, A. (2021). Information overload and fake news sharing: A transactional stress perspective exploring the mitigating role of consumers' resilience during COVID-19. *Journal of Retailing and Consumer Services*, 61, 102555. <https://doi.org/10.1016/j.jretconser.2021.102555>

BBC. (2019). Supporting healthier media ecosystems. Available from <https://downloads.bbc.co.uk/mediaaction/pdf>

Дудинова Е.И. Этика журналиста: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті. 2012. – 236 с.

Ibbi, A. (2016). The Battle for Professionalism in Journalism in Nigeria Amidst Unethical Practices, *Journal of Mass Communication and Journalism*, 6(3), p.1 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31280394&pos=6;-108#pos=6;-108

Ishwara, Luwi. (2014). *Jurnalisme Dasar*. Kompas Media Nusantara: Jakarta.

Жақсылықбаева Р. Журналист этикасы. – Алматы: ҚазҰУ. 2013.

Karadimitriou, A., von Krogh, T., Ruggiero, C., Biancalana, C., Bomba, M., & Lo, W. H. (2022).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті (2024). <https://www.gov.kz/memleket/entities/inf/press/article/details/182725?lang=kk>

Investigative journalism and the watchdog role of news media: Between acute challenges and exceptional counterbalances. In J. Trappel, & T. Tomaz (Eds.), *Success and failure in news media performance: Comparative analysis in the Media for Democracy Monitor 2021* (pp. 101-125). Nordicom, University of Gothenburg. <https://doi.org/10.48335/9789188855589-5>

Kovach, B., & Rosenstiel, T. (2014). *The elements of journalism: What newsmen should know and the public should expect*. Three Rivers Press.

Lazer, D. M. J., Baum, M. A., Benkler, Y., Berinsky, A. J., Greenhill, K. M., Menczer, F., Metzger, M. J., Nyhan, B., Pennycook, G., Rothschild, D., Schudson, M., Sloman, S. A., Sunstein, C. R., Thorson, E. A., Watts, D. J., & Zittrain, J. L. (2018). The science of fake news. *Science*, 359(6380), 1094-1096. <https://doi.org/10.1126/science.aao2998>

Lewi, O. (2014). Penerapan Kode Etik di Kalangan Jurnalis. *Jurnal Ilmu Komunikasi UAJY*, 11(1), 81-92.

Lestari, Rani Dwi. (2018). *New Media & Komunikasi Politik: Self Plagiarism Pada Pemberitaan Politik di Media Online dalam Perspektif Etika Jurnalistik*. Mbridge Press: Yogyakarta.

Медиаэтика. Жас мамандар тәжірибесінен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018. – 304 б.

Tania, Rizki, dkk. (2018). Peranan Self Regulation Di Tengah Konstelasi Industri Media Pada Harian Republika. *Komunikator*, 10(1), 48-59.

Ward, S. J. A. (2008). *Global journalism ethics*. McGill-Queen's University Press.

References

Anduiza, E., Gallego, A., & Cantijoch, M. (2010). Online political participation in Spain: The impact of traditional and Internet resources. *Journal of Information Technology & Politics*, 7(4), 356-368.

Bateman, J., & Jackson, D. (2024). Countering disinformation effectively: An evidence-based policy guide.

Bermes, A. (2021). Information overload and fake news sharing: A transactional stress perspective exploring the mitigating role of consumers' resilience during COVID-19. *Journal of Retailing and Consumer Services*, 61, 102555. <https://doi.org/10.1016/j.jretconser.2021.102555>

BBC. (2019). Supporting healthier media ecosystems. Available from <https://downloads.bbc.co.uk/mediaaction/pdf>

Dudinova E.I. Этика журналиста: учебное пособие. – Алматы: Qazaq universiteti. 2012. – 236 с.

Ibbi, A. (2016). The Battle for Professionalism in Journalism in Nigeria Amidst Unethical Practices, *Journal of Mass Communication and Journalism*, 6(3), p.1 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31280394&pos=6;-108#pos=6;-108

Ishwara, Luwi. (2014). *Jurnalisme Dasar*. Kompas Media Nusantara: Jakarta.

Jaqsılıqbaeva R.S. Jwrnalist étikası [Ethics of journalist], Almaty, Qazaq wniversiteti, 2013, 32 b.

- Karadimitriou, A., von Krogh, T., Ruggiero, C., Biancalana, C., Bomba, M., & Lo, W. H. (2022). Information Committee of the Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan (2024). <https://www.gov.kz/memleket/entities/inf/press/article/details/182725?lang=kk>
- Investigative journalism and the watchdog role of news media: Between acute challenges and exceptional counterbalances. In J. Trappel, & T. Tomaz (Eds.), Success and failure in news media performance: Comparative analysis in the Media for Democracy Monitor 2021 (pp. 101-125). Nordicom, University of Gothenburg. <https://doi.org/10.48335/9789188855589-5>
- Kovach, B., & Rosenstiel, T. (2014). The elements of journalism: What newspeople should know and the public should expect. Three Rivers Press.
- Lazer, D. M. J., Baum, M. A., Benkler, Y., Berinsky, A. J., Greenhill, K. M., Menczer, F., Metzger, M. J., Nyhan, B., Pennycook, G., Rothschild, D., Schudson, M., Sloman, S. A., Sunstein, C. R., Thorson, E. A., Watts, D. J., & Zittrain, J. L. (2018). The science of fake news. Science, 359(6380), 1094-1096. <https://doi.org/10.1126/science.aao2998>
- Lewi, O. (2014). Penerapan Kode Etik di Kalangan Jurnalis. Jurnal Ilmu Komunikasi UAJY, 11(1), 81-92.
- Lestari, Rani Dwi. (2018). New Media & Komunikasi Politik: Self Plagiarism Pada Pemberitaan Politik di Media Online dalam Perspektif Etika Jurnalistik. Mbridge Press: Yogyakarta.
- Mediaetika. Jas mamandar tajiribesinen. – Almaty: Ulitq audarma burosy. – 2018. – 304 b.
- Tania, Rizki, dkk. (2018). Peranan Self Regulation Di Tengah Konstelasi Industri Media Pada Harian Republika. Komunikator, 10(1), 48-59.
- Ward, S. J. A. (2008). Global journalism ethics. McGill-Queen's University Press.

Авторлар туралы мәлімет:

Жақсылықбаева Римма Серікәліқызы (корреспондент автор) – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: jak-rimma@mail.ru);

Бүркітбаева Айжан Шалабайқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының PhD доктораны (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: burkitbayevaizhan@gmail.com);

Қабылғазина Клара – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru).

Information about the authors:

Zhaxylykbaeva Rimma Serikalievna (corresponding author) – Associated Professor Faculty of Journalism, is a candidate of philological sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty. e-mail: jak-rimma@mail.ru);

A.Sh. Burkitbayeva – PhD Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty. e-mail: burkitbayevaizhan@gmail.com).

Kabylgazina Klara – Associated Professor Faculty of Journalism, is a candidate of philological sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty. e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru).

Келін түсті: 29 тамыз 2024 жыл

Қабылданды: 30 қазан 2024 жыл

Г.С. Амангелдиева^{1*} , Д.О. Байгожина² , К.А. Пронич¹ 

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

*e-mail: gulmira.sabyr@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА КОПИРАЙТЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІН ЖАНДАНДЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ

Мақала журналистика, қоғаммен байланыс саласында оқитын студенттер мен жас мамандарға көмекші құрал болатын теориялық деректерді қамтиды. Зерттеудің мақсаты копирайтер мен рерайтер үшін сатылымдық мәтін жазудың түріне, әдісіне анықтама беру және нақты мысал негізінде түсіндірмелі талдау жасау. Мақсатқа сай авторлар көптеген деректерге зерделеу жүргізіп, мәтін жазудағы копирайтинг формулаларына талдау жасап, анықтама беру міндетін алға қойған. Авторлар мақалада талдау, сараптау, зерделеу әдістерін кеңінен қолданған. Танымал копирайтерлердің еңбектерінен мысал келтіру арқылы мәтін жазу формулаларын толықтыра түскен. Зерттеудің ғылыми маңызы коммерциялық мәтін жазудың құрылымдары маңызы коммерциялық мәтін жазуды салаларға бөлу арқылы кеңінен ашып түсіндірілуі мен алгоритмдердің келтірілуінде. Мәселен, бизнес жобаларды жазуда биржалық сайттар мен Emle.kz, Atau.kz, Termincom.kz, орыс тілді Text.ru, Advego.ru секілді сайттарының маңыздылығын сараптайды. Коммерциялық мәтін жазудың әдістері – СТА құру жолдары, электрондық пошта үшін мәтін жазу үлгілеріне жете тоқталған. SEO копирайтерлер тек ойды анық айтып қана қоймай, мәтіндегі кілт сөздер мен сөз тіркестерін сауатты қолдануға қажетті алгоритмдерді меңгеруі тиіс. Сондықтан авторлар мақалада сатылымдық мәтін жазудың негізгі AIDA, PAS, FAB, PPPP және BAV формулаларына жете тоқталып, ғылыми тұжырымдама берген.

Зерттеу коммерциялық мәтінді жазудың әдісі мен құрылымын түсіндіру барысында келтірілген нақты мысалымен құнды. Авторлар осы тұста тұжырымды қарапайым тілмен түсіндіруге тырысқан. Бұл копирайтингті енді түсініп келе жатқан ізденуші үшін аса маңызды. Қоғаммен байланыс және журналистика саласының мамандары мақалада келтірілген мысалдар негізінде сатылымдық мәтін жазуға машықтана алады.

Түйін сөздер: копирайтинг, рерайтер, AIDA, PAS, FAB, PPPP, BAV.

G.S. Amangeldiyeva^{1*}, D.O. Baigozhina², K.A. Pronich¹

¹Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: gulmira.sabyr@mail.ru

Principles of coverage of the activities of copywriters in modern conditions

The article contains theoretical data that will be useful for students and young professionals studying journalism and public relations. The purpose of the study is to determine the types and methods of writing selling texts for copywriters and rewriters, and to conduct an explanatory analysis using specific examples. According to the goal, the authors studied a large amount of data, analyzed the formulas of copywriting when writing texts and set themselves the task of giving definitions. In the article, the authors widely use methods of analysis, research, and study. By giving examples from the works of famous copywriters, they supplemented the formulas for writing texts.

The scientific significance of the research lies in the analysis of the structures of writing a commercial text, in providing definitions with convincing examples based on the results obtained. The practical significance lies in the broad disclosure and explanation of writing a commercial text by dividing it into branches and presenting algorithms. For example, when writing business projects, the importance of stock exchanges and sites such as Emle.kz, Atau.kz, Termincom.kz, Russian-speaking Text.ru, Advego.ru.

Commercial Copywriting Techniques — How to create calls to action, focus on email copywriting templates. SEO copywriters should not only express the idea clearly, but also possess the algorithms necessary for the proper use of keywords and phrases in the text. Therefore, in the article, the authors

focused on the basic formulas for writing a sales text AIDA, PAS, FAB, RRRR and VAV and gave a scientific concept.

The study is valuable because it provides specific examples explaining the methods and structure of writing commercial texts. At this stage, the authors tried to explain the results in simple language. This is especially important for beginners who are just starting to understand copywriting. Public relations and journalism specialists can practice writing sales texts using the examples given in the article.

Key words: copywriting, rewriter, AIDA, PAS, FAB, PPPP, BAB.

Г.С. Амангелдиева^{1*}, Д.О. Байгожина², К.А. Пронич¹

¹Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан

*e-mail: gulmira.sabyr@mail.ru

Принципы освещения деятельности копирайтеров в современных условиях

Статья содержит теоретические данные, которые станут полезным подспорьем для студентов и молодых специалистов, изучающих журналистику и связи с общественностью. Цель исследования – определить виды и методы написания «продающих» текстов для копирайтеров и рерайтеров, и провести пояснительный анализ на конкретных примерах. Согласно цели, авторы изучили большой объем данных, проанализировали формулы копирайтинга при написании текстов и поставили перед собой задачу дать определения. В статье авторами широко используются методы анализа, исследования, изучения. Приведя примеры из работ известных копирайтеров, они дополнили формулы написания текстов.

Научная значимость исследования заключается в анализе особенностей написания коммерческого текста, в предоставлении определений с убедительными примерами на основе полученных результатов. Практическая значимость заключается в широком раскрытии и объяснении особенностей написания коммерческого текста путем разделения его на ветви и представления алгоритмов. Например, при написании бизнес-проектов рассматривается значение биржевых площадок и таких сайтов, как Emle.kz, Atau.kz, Termincom.kz, русскоязычных Text.ru, Advego.ru.

SEO-копирайтеры должны не только четко выражать идею, но и владеть алгоритмами, необходимыми для грамотного использования ключевых слов и фраз в тексте. Поэтому в статье авторы остановились на основных формулах написания продающего текста – AIDA, PAS, FAB, RRRR и VAV .

Исследование ценно тем, что в нем приведены конкретные примеры, объясняющие методы и структуру написания коммерческих текстов. Авторы попытались объяснить полученные результаты простым языком, что особенно важно для новичков, которые только начинают разбираться в копирайтинге. Специалисты по связям с общественностью и журналистике могут практиковаться в написании продающих текстов на примерах, приведенных в статье.

Ключевые слова: копирайтинг, рерайтер, AIDA, PAS, FAB, RRRR, BAB.

Кіріспе

Қазіргі таңда копирайтерлерге сұраныс артып отыр. Ол коммерциялық қызмет пен тауардың онлайн сатылымға шығуына байланысты болуда. Копирайтер жарнамалық мәтінді жазуда көбіне тақырыпқа мән бермей жатады, ал ол өте маңызды. Тақырып аудиториямен алғашқы әсер және бастапқы байланыс нүктесі ретінде қызмет етеді. Жақсы ойластырылған тақырып оқырман назарын аудартуға, қызығушылық тудыруға және аудиторияны одан әрі ынталандыруға қабілетті. Ол тұтынушы клиенттің тұрақты копирайтер/рерайтері болып қалу жолын анықтауда шешуші рөл атқарады. Бүгінгі цифрлы медиада өзекті, тартымды тақырып табу маңызды. Цифрлы кеңістікте ақпаратты іздеу жүйесі арқылы та-

будың әсерінен SEO жүйесі мен осы бағыттағы технология қарқынды дамып отыр. Тартымды тақырып копирайтердің бірнеше секунд ішінде іздеу жүйесіне ілігуге, аудиторияның назарын тартуға мүмкіндік береді. SEO арқылы *Google* немесе *Яндекс* секілді іздеу жүйелерінде ең жоғарғы сатыға шығады. Нәтижесінде материал қаралымы артады, тауар немесе қызмет тез сатылымға шығады. Жасанды интеллект мүмкіндігін пайдалану арқылы SEO жүйесіне ену копирайтер үшін өте ұтымды әдіс дейді ғалымдар (Amara, Marwa, 2024).

Копирайтерлер материал ұсынуда бірнеше әдістерді меңгеріп келеді. Соның бірі «Көрсет, айтпа» әдісі. Бұл әдіс хабарламаны немесе идеяны жеткізерде аудиторияға көркем сипаттау мен суретті пайдалануды қамтиды. Оқырманның

санасына суретті жарқын бейнеде көрсету арқылы копирайтер олардың назарын аударып, эмоцияларын басқара алады. Бұл хабарламаны сенімді әрі есте қаларлықтай етеді әрі сандық деректердің жадыда сақталуына тиімді әдіс (D&AD, 2024). Танымал копирайтерлер «Тиімді және тартымды жарнамалық мәтіндер жазуды үйренгіңіз келе ме? Онда солармен өмір сүріңіз. Теледидар көріңіз – жарнамалық кейіпкерлердің сөйлеген сөздерін бағалаңыз» деп кеңес береді (Кот, 2018: 22).

«*Жазу динамикасы*». Копирайтерге аудио, бейне контентте белсенді дауыс пен пассивті дауысты қолданудың ерекшелігін, айырмашылығын түсіну маңызды. Белсенді дауыс тұтынушыны қандай да бір амалды орындауға жетелесе, ал пассивті дауыс іс-әрекетті қабылдаушы ретінде әсер етеді. Белсенді дауысты пайдалану әрекет пен жеделдік сезімін тудыра отырып, жазбаны тартымды және сенімді етеді. Мысалы, «есепті топ жазды» деген пассивті сөйлемді «команда есеп жазды» деген белсенді сөйлеммен салыстырайық. Екінші сөйлем нақты әрі тартымды, іс-әрекет пен айқындық сезімін тудырады. Мамандардың айтуынша ең өтімді мәтін «мол ақпаратты қамтыған жеңіл жазылған копирайт» (Кот, 2022: 217). Етістіктер мен күрделі сөйлемдерді қосу немесе бөліп жазу арқылы белсенді дауысты қолданудың негізгі компонентін ала аламыз. Мысалы, «көлікті жүк көлігі қағып кетті» деп айтудың орнына, «жүк көлігі жеңіл көлікке соғылды» деп айтуға болады. Метафоралар – белсенді дауысты және күшті етістіктерді жазуда қолданудың тағы бір тиімді құралы. Мысалы, «біздің өнім тиімді» деп айтудың орнына, «Біздің өнім майланған машина сияқты жылдам жұмыс істейді» деу арқылы өнімнің жылдамдығы мен тиімділігіне баса назар аудара отырып, оқырманның санасында жақсы бейнені қалыптастырады. Әлемгі танымал копирайтер John Emory Powers: «Қарапайымдылық – бұл іскерлік материал жазудың қолайлы деңгейі» деген (Tungate, 2007).

«*Жеңіл оқу*». Тақырыпты, мәтінді жеңіл қабылдату копирайтердің негізгі міндеттеріне кіреді. Адамдар әдетте ғаламтордағы материалды оқығанда кітап немесе газеттегі мақала сияқты қабылдамайды. Мазмұнына терең үңіліп, көп уақыт назар аударудың орнына, олар контентті жылдам сканерлеуге бейім. Бұл копирайтер үшін бір қарағанда оңай қабылданатын контент (қысқа мәтін/сурет/бейне) ретінде ұсынуды көздейді. Бұл принцип мәтінді оқуды жеңілдету, көрікті ету үшін пішімдеу және дизайн элементтерін

пайдалануды қамтиды. Мәтін көлемін өзгертіп, оған сурет, инфографика қосу арқылы оқырманға қызықты және пайдаланушыға ыңғайлы контент ұсынуға болады.

Рерайтты сенімді ету үшін тақырыпшаларды пайдалану ұтымды болады. Оқылымды жақсартудың тиімді әдістерінің бірі – мәтінді бірнеше тақырыпшаларға бөлу. Тақырыпшалар мәтінді кішірек және оңай қабылданатын етіп көрсетеді. Бұл оқырманға контентті жылдам қабылдауға және қажетті ақпаратты табуға жеңілдетеді. Көрнекілік арқылы тақырыпшаны безендіру оқырманды контентке тереңірек үңілуге және бүкіл шығармаға қызықтырады әрі мақаланы толық оқуға шақырады (Don E. Schultz, 1993). Оқылымды тартымды ету үшін дизайнның әртүрлі элементтерін қолдануға кеңес береміз. Мысалы, маңызды ақпаратты ерекшелеу үшін боялған немесе курсивпен жазылған қәріптерді пайдалануға болады, ол оқырманның назарын аударып, жазбаны көркемдеп жеткізеді. Сонымен қатар, мультимедиялық материалдарды: сурет, анимация, диаграмма, кесте және басқа да графикалық элементтерді қосу контентті көрнекі әрі қызықты етуге көмектеседі.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында ғылыми тұжырымдамаларға сүйене қолданыстағы көптеген копирайтинг әдістеріне терең зерттеу жүргізілген. Әртүрлі методологиялық әдістерді сараптау, талдау нәтижесінде мәтін жазудың негізгі бес формуласына тоқталып, анықтамалар мен мысалдар келтіріледі: AIDA, PAS, FAB, PPPP, BAB. Талдау әдісі негізінде коммерциялық мәтіннің маңызды құрылымдары анықталды. AIDA формуласы арқылы 196 Гонконг жастарынан әлеуметтік желідегі жұлдыздардың диетасы туралы сауалнама жүргізіп, көпшіліктің атақты адамдар кеңесіне жүгінетінін анықтады (Wong I.H.S.; Fan C.M.; Chiu D.K.W.; Kevin K.W., 2024). Осы секілді копирайтинг формулаларының әрқайсысын арнайы зерттеулерде қолдануға болады. Зерттеу әдістеріне зерделеу жүргізгенде копирайтинг мәтіндерін жазатын танымал сайттар туралы ақпараттар қамтылған: Emle.kz, Atau.kz, Termincom.kz сайттары арқылы сөзді дұрыс қолдану, грамматикалық, пунктуациялық ережелерді меңгеру туралы мәлімет берілсе, орыс тілдік арқылы негізде коммерциялық мәтін жазуда тұрақты жұмыс істейтін Text.ru, Advego.ru. «Ru.net» жүйесіндегі сайттар қамтылған. Осы сайттардың коммерциялық мәтін жазуда ТТ (tex-

никалық талап) бойынша әртүрлі әдіске анализ жасалды.

Ғылыми әдістеме

Копирайтингтің ғылыми тұжырымдамасының негізі – сатылымдық, жарнамалық, коммерциялық мәтіндердің түрін, ерекшелігін зерттеу, анықтамалар беріп, тұжырымдар жасау. Бұл зерттеуде мәтін жазудың негізгі формулаларына анықтама берілген. Копирайтерлер ғылыми ақпаратты, инновацияны игеріп, практикада ұтымды қолдана алады. Ғылыми зерттеулер инновациялар мен жаңа терминдерге анықтамалар беру арқылы қолданушыға мәнін ашып жеткізеді. Зерделеу, сараптау, талдау әдісі негізінде әртүрлі ғылыми және практикалық әдістің қолдану мен маңызын ашып көрсету ғылыми зерттеудің басты мақсатына айналып отыр. Joseph Sugarman, Wong I.H.S., Michael Masterson, Mike Palmer, Beardsworth, Д.Кот, Серебряков, және Д.Каплунов секілді бірнеше ғалымның пікіріне сүйеніп, зерттеудің практикалық бағытына көп назар аударылды.

Библиографиялық шолу

Копирайтинг тақырыбына қалам тербегенде әдетте жарнамалық мәтіндер, жарнама маркетингі, жарнама құрылымы деген ой келеді. 1995 жылы D&AD баспасы жарнама мәтінін жасанды жазып шығу туралы жинақ шығарады (D&AD, 2024). Кітапта Д.эббот, Л. Хант, С.Хейден, Д.Виден, Н. Француз, М.Лескарбо, А.Холмс және Б.Нокс секілді танымал копирайтерлер мен қоса 53 маманның еңбектерін қамтиды. Соларды салыстыра зерттеу арқылы жарнамалық мәтін мен копирайтинг мәтіндерінің айырмашылығын салыстыра зерттеп көрсеткен. Ал Don E.Schultz копирайтердің табысты болуы үшін бүкіл коммуникациялық процесті жоспарлау, үйлестіру және бақылау бойынша бағдарламаны әзірлеп, өз кітабында ұсынады (Don E. Schultz, 1993). Бұл ғылыми еңбекте тауарды жарнамаға беру, сату мәтінін жазу, клиентпен тікелей әрекет еті, қоғаммен байланыс орнату, маркетингтік коммуникацияның әртүрлі нұсқалары келтірілген. Көптің көңілінен шыққан әрі бүгінге дейін сұраныста тұрған «The Adweek Copywriting Handbook» кітабы жарнамалық бизнестің жүрегі мен жаны (Joseph Sugarman, 2006). Бұл практикалық нұсқаулықта копирайтер Джо Шугарман клиенттерді қызықтыратын, ынталандыратын және сатып алуға итермелейтін көптеген әдіс-

терді ұсынады. Копирайтингке қатысты келесі кітапта көшіріп жазудың қырлары мен сырлары зерттелген. Ол тікелей маркетинг туралы жазылған материал болғанымен, негізгі мазмұны рерайтерлерге арналған керемет нұсқаулық болып табылады. Сонымен қатар бұл кітапта компанияға кірісті арттырудың көптеген механизмдері көрсетілген. Авторлар Michael Masterson & Mike Palmer логиканы дұрыс қолдан деп кеңес береді (Michael Masterson & Mike Palmer, 2009).

Зерттеуде тұжырымдар жасауға негіз болған кітаптың бірі «The Copywriter’s Handbook: A Step-By-Step Guide To Writing Copy That Sells» деп аталады. Автор Robert W. Bly кітапта копирайтер, аккаунт жетекшілер, креативті директорлар мен қатар штаттан тыс жарнама менеджерлерінің қызметін талдап, саралап көрсетеді. Сонымен қатар бренд-менеджерлері мен кәсіпкерлер арасында байланыс орнату әдістерін, сатылымдық мәтінді жазудың құрылымдарын ашады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу жұмысының мақсаты копирайтерлер жазатын контенттің әдістерін ашу, ұтымды тұстарын нақтылау, теориялық және практикалық негізде саралап зерттеу. Барлық маркетингтік және копирайтерлер storytelling (әңгімелеу) арқылы мәтіннің мазмұнын елестете отырып, оқырманды «армандауға» итермелейтін маңызды элемент екенін біледі. Сторителлинг әдісін қолдану нәтижесінде электрондық хаттарды жазу мен маркетингтік ұсыныстарды тұжырымдаудан бөлек көптеген маркетингтік және копирайтерлер өнімді сатудың оңтайлы жолын тапқандай болды. Осы секілді әртүрлі цифрлы технологияларды қолданып, оларды бірнеше бағытта сынап көріп, тұрақты нәтиже берген сенімді формулалар дүниеге келді. Қазір қолданыста копирайтингтің үздік 5 формуласы сұраныста. Копирайтинг формулалары – бұл бизнесте нәтиже беретін сенімді және ұтымды коммерциялық мәтіндерді жазуға арналған дәлелденген құрылымдар. Осы формулаларды копирайтерлер жылдар бойы тұтынушы назарын аударып, қызығушылық тудыру арқылы тұрақты аудитория жинап және оны әрекетке шақыратын жоғары конверсиялық мазмұнды жасау үшін қолдануда. Егер дұрыс қолданылса, копирайтинг формулалары үлкен жетістікке жеткізеді. Өйткені онда нақты құрылым, үйлесім мен нәтиже бар.

Бұл копирайтинг формулалары кез келген мәтінді интернетке орналастыру мақсатын-

да жазу үшін қолдануға болады. Копирайтинг формулалары – бұл шығармашылық еркіндікті шектемейтін, бірақ еңбек өнімділігін арттыруға және уақытты үнемдеуге қабілетті құралдар. Әр формулаға жете тоқталсақ:

AIDA формуласы

AIDA жарнамалық формуласы кез келген заманауи маркетингтік ұтымды әдістерінің бірі. Формуланы ойлап тапқан Элмер Левис XIX ғасырда американдық маркетингшілердің үздігі болды. Формула 4 негізгі тезистен тұрады және клиентті белгілі бір әрекетті жасауға (әдетте сатып алу) итермелеу міндетін атқарады. Мұндай жарнамалық модель маркетингтік стратегиялар мен жарнамалық кампаниялардың барлық түрі үшін, әсіресе басылымдарында, радио, теледидарда, электрондық пошта хабарламаларында және т.б. мол табыс әкеледі. AIDA – бір ғасырдан астам уақыт бойы қолданыста және қазіргі таңда ең тиімді әдіске айналды. Көптеген копиярайтерлердің сұранысын қанағаттандырып отыр. «Формуланың тілдік мағынасы «назар, қызығушылық, тілек, әрекет» дегенді білдіреді және оқырманды копиярайтер өнімімен немесе қызметімен танысу, оның құндылығын түсінуге, сайып келгенде оны сатып алу немесе пайдалану бойынша шара қабылдау процесі арқылы бағыттауға арналған» (Ayutia Nurita Sari, 2021).

AIDA компонентін жекелей қарастырайық:

Attention-Назар аудару:

AIDA копиярайтинг формуласындағы бірінші қадам – оқырманның назарын контентке аудару. Копирайтер жазылған мәтін тақырыбы, субтитр немесе бірінші сөйлемге баса назар салуы міндетті. Оқырман бір қарағанда мәтінді оқытындай, суретті кемі 3-5 секунд кідіріс жасап қарап тұратындай, бейнероликті соңына дейін қарайтындай болу керек. Мұны таңғажайып статистикалық дерек, шаблонды мәтін, арандатушылық сұрақ немесе оқырман қызығушылығын тудыратын батыл мәлімдеме арқылы жасауға болады.

Interest-Қызығушылық:

Оқырман назарын аударғаннан кейін, келесі қадам – олардың өнімге немесе қызметке деген қызығушылығын арттыру. Копирайтер қызығушылық тудыру үшін өнімнің нарықтағы басқа ұқсас өнімдерден ерекшелендіретін тұсын нақтылайды. Мұнда қызмет не өнімнің артықшылықтары тізбектеліп немесе тиімді екі нұсқасын ерекшеленіп, ықшамдалып, көркем түрде жарияланады.

Desire-Тілек:

AIDA формуласының үшінші қадамы – өнім не қызметті сатып алуға деген ұмтылысты ояту.

ну және қабылдау процестері мен каналдарын да өзгертті. Бұл туралы «Медиалық және ақпараттық сауаттылық» атты оқулығында былай жазылған: «Ғаламтор адам өміріне өзгерістер әкелгенге дейін, қандай да бір ақпарат жинау үшін кітапханаға барып мерзімді басылымдар мен кітаптарды ақтарып, радио немесе телехабарды, фильмдерді көріп шығуға тура келді. Ал аудиохабарлар архивіне баруға мүмкіндік шектеулі еді. Міне, осылайша ақпарат жинауға талай уақыт кететін» (Ахметова, Шорохов, Ниязғұлова, 2015).

Ал, еліміздің тұрғындарының ақпаратқа қолжетімділік мәселесіне келетін болсақ, ол Конституциямызда бекітіліп, арнайы заңда көрсетілген. Конституцияның 20-шы бабының 2-ші тармағында «кез келген азамат ақпаратты еркін ала алады және заңмен тыйым салынбаған кез-келген жолмен тарата алады» деп жазылған. Осыны жүзеге асыру мақсатында 1992 жылдан бастап «БАҚ туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу» заңдары қабылданды. Осылайша, заң азаматтар мен журналистердің ақпаратқа қол жеткізу мен тарату құқықтарын «тыйым салынбағандардың бәрі мүмкін» қағидасы бойынша жүзеге асырып келеді.

Ақпараттық технологиялардың дамуы бұқаралық коммуникация саласына жаңа концепциялар мен бағыттарды әкелуде. Соның бірі – медиасауаттылық мәселесі. Медиасауаттылық бүгінгі таңда медиа тарапынан да, бұқара аудитория тарапынан да көңіл аударуды қажет ететін өзекті бағыттардың бірі. Себебі, қазіргі заманда бұқаралық коммуникация құралдары үшін ақпаратты дайындау және тарату мәселесінде ақпараттың нақтылығы мен шынайылығына баса назар аудару маңызды болса, тұтынушы аудитория үшін толассыз ақпараттар ағынында жалған ақпаратты ажырата білу, тексеру, салыстыру, сенімді ақпараттық ресурс көзін пайдалану сынды дағдыларды талап ететін медиасауаттылық мәселесі үлкен сұраныс туғызуда. Сол себепті, медиасауаттылық мәселесі тек қана журналистерге, ақпараттық құрал мамандарына ғана емес, бұқара халыққа аса қажетті.

Зерттеу жұмысының мақсаты – медиасауаттылықты цифрлық дәуірде жалған ақпараттарға, манипуляцияға төтеп берудің бірден бір жолы ретінде қарастыру, оның теориялық негіздеріне шолу жасау, аталған ұғымға қатысты шетелдік және отандық авторлардың ғылыми жұмыстарын сараптау, медиасауаттылық мәселелеріне қатысты әлемдік және еліміздегі бағыттарды бағамдау, еліміздегі медиасауаттылық деңгейіне жүргізілген зерттеулерге, кейс-стадилерге талдау жасау.

Әдебиетке шолу

Медиа және ақпараттық сауаттылық – ақпарат құралдарының түрлерін және олардың материалдарын қауіпсіз, ақылмен және жауапкершілікпен толық пайдалану мүмкіндігі (Braesel, Karg, 2021:2). Авторлар «медиасауаттылық адамға БАҚ-қа қол жеткізуге, медиа мазмұнын талдауға, жаңа медиа хабарламалар жасауға, бар медиа-контент туралы ойлауға және медиамен әрекет етуге мүмкіндік беретін құзыреттер жиынтығы» деп атап көрсеткен.

Д. Адамс, М. Хэм (2015:11) медиасауаттылықты біз күнделікті теледидардан, жарнамадан, кинодан және цифрлық медиадан қабылдайтын визуалды және ауызша белгілерден жеке түсінікті қалыптастыру қабілеті ретінде қарастырған. Ал, Р. Хоббс (2007:4) «Чтение СМИ: медиаграмотность в старшей школе» атты еңбегінде «медиасауаттылық – әртүрлі формадағы хабарламаларды қабылдау, талдау, бағалау және жеткізу қабілеті» деп атап өткен. Сонымен қатар, медиасауаттылықты, яғни адамдардың кон-

тенттерді тұтыну, талдау, түсіну және бағалау сынды сараптаушылық қабілеттерін олардың қоғамдағы азаматтық жауапкершілігі ретінде қарастыруға болады. International Encyclopedia of the Social and Behavioural Sciences (2001) энциклопедиясында «Медиасауаттылық – адамның белсенді және медиа сауатты, қабілеті дамыған, медиа-мәтіндерін қабылдау, құру, талдау, бағалау, түсіну, қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінің әлеуметтік-мәдени және саяси контекстін, медиада код және бейнелеу жүйелері қолданылатынын түсіну, сондай-ақ, өмірінің қоғамда азаматтық жауапкершілікпен байланысты екендігін білу» деп көрсетілген. Яғни, қоғамда азамат медиасауатты болса, ол тек ақпаратты тұтынып қана қоймай, оған талдау жасауға, өзінің шығармашылығын көрсетуге, ол туралы айтылған түрлі ой-пікірлерге баға бере отырып, қорытынды жасайды, осылайша өзінің қоғамдағы ұстанымын көрсете алады.

Сол себепті, қоғамда азаматтар неғұрлым медиасауатты болса, соғұрлым манипуляцияға бой алдырмайтын, түрлі ой-пікірлерге сыни көзқараспен қарай алатын, қоғамда болып жатқан құбылыстарға өзіндік талдау жасай алатын азаматтар қатары көбейеді. Медиасауатты адамға қатысты «Медиалық және ақпараттық сауаттылық» (Ахметова, Шорохов, Ниязғұлова, 2015:5) атты еңбектің авторлары мынандай анықтама береді: «адам мемлекеттік механизм жүйесіндегі жай бір бұранда емес, көзі ашық, көкірегі ояу, сан алуан ақпараттарды ала отырып, дұрыс шешім шығара алатын қабілетті толыққанды тұлға». Сондай-ақ, авторлар өз тұжырымдарын «медиалық және ақпараттық сауаттылық – қоғамдық қауымдастыққа қатыстылық сезімін қалыптастырады, қоғамдық диалогтарды қолдау және өмір бойы оқып-тоқуға қатысуға мүмкіндік жасайды» деп бекіткен. Авторлардың ойына сенсек, медиа және ақпараттық сауаттылық бір-бірімен тығыз байланысты біртұтас жүйе, ақпараттық сауаттылық ұғымы кең ауқымды қамтиды және оған медиалық сауаттылықты да енгізуге болады.

Кейбір адамдар сенімсіз ақпараттар ағынынан қорғану үшін ресми ақпарат көздеріне, сенімді жаңалық тарататын телеарналар, парақшаларға және сайттарды қарайды. Біреулер жаңалықты тек әлеуметтік желілерден, түрлі пабликтерден оқығанды жөн көреді. Сол себепті, бүгінгі таңда жалған ақпараттарға төтеп берудің тиімді тәсілі – медиасауаттылық. Бұл туралы шетелдік авторлардың бірқатары төмендегідей ой түйген: Жалған жаңалықтар контекстінде, ме-

диасауаттылық біліммен қарулану және жалған жаңалықтарға қарсы тұру немесе сыни тұрғыдан интерпретациялау дағдылары және адамдарды жалған жаңалықтардың кез келген зиянды әсеріне қарсы «екпе» салғанмен бірдей (Jeong, Cho, & Hwang, 2012:8). Сонымен қатар, коммуникация саласын зерттеуші У. Джеймс Поттер (2019:4) медиасауаттылық перспективасы қызықты және әртүрлі хабарламаларды зерттеуге мүмкіндік беретінін, сондай-ақ, ондай адамда ақпаратты тұтынуда таңдау көбірек болатынын айтады. Осылайша, оқырмандар көптеген ақпараттардың өздері үшін қызық немесе пайдалы емес екенін аңғаратындығын айтады.

Нәтиже және талдау

Ғылыми еңбектер мен зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазіргі ақпараттық технология дамыған кезеңде медиасауаттылықты арттыру заман талабы. Ол медиа ұйымдардың кез-келген ақпаратты таратарда оның шынайылығын толыққанды тексеру, саралау және өзге ақпарат көздерінде тараған ақпараттарды бөліспес бұрын фактчек жүргізу мәселесін қолға алуы болса, жекелеген азаматтардан үшін, сенімді ресми ақпарат көздерін пайдалану, манипуляцияға және эмоцияға құрылған ақпаратты ажырату, ақпарат көзін тексеру мен сенімсіз ақпаратпен бөліспеу сынды қабілеттерді меңгеруі талап етіледі. Ол үшін медиасауаттылықты мектептерден бастап, жекелеген ұйымдардың медиасауаттылық курстарын ұйымдастыру жұмысы алдыға шығады. Кейінгі жылдары Қазақстанда осы мәселе жан-жақты зерттеліп, мәселені шешу жолы қарастырылуда. 2022 жылғы, AstanaMediaWeek дәстүрлі халықаралық форумында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д.Қыдырәлі Қазақстанда медиасауаттылықты арттыруға арналған мектептер ашылатынын айтты: «Фейк ньюсті аудиторияны сенімді ақпаратты тани білуге машықтандыру арқылы ғана азайта аламыз деп ойлаймын. Осындай кезде ойымызға дезинформациямен күресудің бір жолы ретінде аудиторияны жалған мен шын ақпараттың ара жігін ажыратуға үйрету, яғни медиасауаттылық ұғымын ұлғайту дұрыс деп санаймыз. Жеке медиа, инфлюенсер не редакциялар сөз жауапкершілігін, ақпараттың алдындағы, оның салдарынан болатын салмақты сезінуге тиіс. Бұл орайда, медиа мектептерін ашу, оның ішінде медиасауаттылық бойынша білім беру – біздің тікелей міндетіміз», (Bugin.kz). Одан бөлек елімізде соңғы жылдары медиасауаттылық мәселесіне аса мән беріліп, құзыр-

лы мекемелер қоғамдық қор, ұйымдарға түрлі гранттар бөлуді қолға алса, Internews, MediaNet сияқты халықаралық ұйымдар осы мәселені жан-жақты зерттеп, статистикалық мәлімет жариялап, оқулықтар мен методикалар даярлап шығаруда.

Кейінгі кезде елімізде цифрлы технологияны жетік меңгерген жастар арасында медиасауаттылық дағдыларын қалыптастыру аса маңызды бағыттың бірі болып отыр, әсіресе, оны мектептен бастап оқыту мәселесі жиі көтерілуде. Себебі, жастар арасында кибербуллинг, жалған ақпараттың құрбаны болу фактілері жиілеуде. Ол көбінесе, жастардың әлеуметтік желілерде еркін тіркелу және пайдалану мүмкіндігіне ие болғанымен, оны сапалы ақпараттар ғана алуға және қауіпсіз мақсатта қолдана алмай отырғандығы салдарынан деуге болады. Олар әлеуметтік желілерде “қарша борап” келіп жатқан сан түрлі ақпарат ағынынан қорғалмай, оның сенімді сенімсіз екендігіне көз жеткізбей, дереккөздерін тексермей, ақпаратты кеңінен талқылау және бір-біріне тарату, өздерінің жеке деректерін сақтамауы кесірінен олардың фото-видеоларын әртүрлі мақсатта пайдалану, бір-бірін кибербуллингке ұшырату фактілері кеңінен орын алып отыр.

Медиасауаттылықты мектептен бастап оқыту мәселесін шетелдік ғалымдар да қолдауда: медиасауаттылық реактивті ресурстарға (мысалы, фактчекинг және ақпаратты нақтылау құралдары) және негізінен құзыреттерге бағытталған шағын ауқымды жобаларға қарағанда мектептерде міндетті пән ретінде қабылданып, динамикалық сауаттылық бойынша білім беру бағдарламасына енгізілсе, жастарды «бұрмаланған ақпараттарды» дәл анықтап, оларға қарсы тұруға үйретуге болатыны ғылыми түрде дәлелденген (Wardle and Derekhshan, 2017:12). Rushko (2018:3) оны біріншісі метафоралық түрде «балық берсе», екіншісі «балық аулауға үйрету» деп сипаттайды. Балама ұқсастықты пайдалану үшін біріншісі иммундық жүйені күшейтсе, екіншісі инфекцияны емдейді, деп атап өтеді автор.

Еуропалық Одақ медиасауаттылық бойынша білім беру үрдісін «медиасауаттылық бойынша оқытушылар мен мүдделі тараптар өздерінің озық тәжірибелерін сыныптағы эмпирикалық зерттеулер түрінде бекітуі және теория мен педагогикалық тәжірибе, білім беру, саясаттағы тұжырымдамалық негіздеу және ақпарат арасындағы тұрақты үзілістерді шешу үшін шұғыл, бірақ тұрақты қажеттілік» деп атап өтеді McDougall et al. (2018:5).

Орта Азия елдерінде ақпараттық сауаттылық мәселесі бірқатар зерттеуші ғалымдардың жұмысына арқау болды. Соның бірі И.В.Задорин және А.В.Сапонова 2020 жылы жүргізген Орталық Азия елдеріндегі медиасауаттылық индекстерінің салыстырмалы талдауы. Авторлар зерттеу нысаны ретінде Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан елдерін алған. Олар медиа-

сауаттылықтың жалпы сипаттамасы бөлімінде «фейк жаңалықтар» және «ақпараттық соғыс», «компроматтық дәлелдер» сияқты терминдер көбінесе саяси оқиғалармен байланысты екенін айтқан. Бір қызығы, зерттеу нәтижесінен көршілес Қазақстан мен Өзбекстан халқының төменде келтірілген терминдерді білетіндер мен білмейтіндер арасында айтарлықтай алшақтық бар:

1-кесте – И.В.Задорин және А.В.Сапонова 2020 жылы жүргізген Орталық Азия елдеріндегі медиасауаттылық индекстерінің салыстырмалы талдауы.

Таблица 2.1. Ответ на вопрос: «Знаете ли вы такие понятия как...?»

Варианты ответов	Казахстан	Таджикистан	Узбекистан
Компьютерные вирусы			
Знаю	70%	71%	52%
Что-то слышал	20%	9%	12%
Не знаю	10%	19%	35%
Сетевая зависимость			
Знаю	56%	28%	33%
Что-то слышал	28%	18%	9%
Не знаю	17%	53%	59%
Информационная война			
Знаю	43%	28%	25%
Что-то слышал	29%	19%	9%
Не знаю	27%	53%	66%
Фейк-news			
Знаю	37%	16%	28%
Что-то слышал	31%	16%	8%
Не знаю	32%	68%	64%
Компромат			
Знаю	61%	17%	18%
Что-то слышал	27%	22%	10%
Не знаю	12%	61%	72%
Плагиат			
Знаю	61%	25%	9%
Что-то слышал	27%	20%	9%
Не знаю	12%	55%	81%

Авторлар «Телебағдарламаларды көргенде, радио тыңдаған кезде, газеттер мен журналдарды оқығанда сіз қаншалықты жиі алданып қалдыңыз – олар сізге әдейі жалған, тексерілмеген ақпарат берді немесе белгілі бір көзқарасты таңуға тырысты» деген сұрақ қою арқылы респонденттердің БАҚ-тан алған ақпаратты қабылдауының сыни деңгейін анықтауға тырысқан. Нәтижесінде мынандай жауаптар алынған:

Қазақстандықтардың күмән тудыратын ақпаратты тексеруге және нақтылауға (35%) уақыт аз жұмсайтындығын, ал өзбекстандықтар кері-

сінше бұл мәселеге (82%) баса назар аударатындығын байқауға болады.

Зерттелген басқа елдермен салыстырғанда Өзбекстан халықтың әлеуметтік желілерді аз қолдануымен ерекшеленеді. Бұл елде Telegram мессенджері ең үлкен жеке байланыс арнасы болып табылады [51,8% VS 20,2% (Instagram), 11,8% (Facebook)]. Ал Қазақстан желілік коммуникациялар бойынша бірінші орында – халықтың 9,5%-ы ғана әлеуметтік желілерді/мессенджерлерді пайдаланбайды, басқа елдерде бұл көрсеткіш анағұрлым жоғары – Тәжікстан (35,1%), Өзбекстан (43,1 %).

2-кесте – И.В.Задорин және А.В.Сапонова 2020 жылы жүргізген Орталық Азия елдеріндегі медиасауаттылық индекстерінің салыстырмалы талдауы.

Ответ на вопрос:

«Скажите, как часто при просмотре телепередач, прослушивании радио, чтении газет и журналов у вас складывалось ощущение, что вас обманывают – дают заведомо ложную, непроверенную информацию или пытаются навязать вам определенную точку зрения?»

Варианты ответов	Казахстан	Таджикистан	Узбекистан
Часто и очень часто	38%	18%	11%
Редко и очень редко, никогда	35%	69%	82%
Затрудняюсь ответить	27%	13%	6%

Қорыта келгенде, елімізде цифрлық дамудың қарқындылығы нәтижесінде, интернет пен әлеуметтік желілердің қолжетімділігінің арқасында қазақстандықтардың 9,5%-ы ғана әлеуметтік желілерді/мессенджерлерді пайдаланбайтындығын байқауға болады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей өкінішке орай, қазақстандықтардың күмән тудыратын ақпаратты тексеруге және нақтылауға аз уақыт жұмсайды екен, ал өзбекстандықтар керісінше бұл мәселеге баса назар аударады. Бұл елімізде халықтың цифрлық сауаты артып, жаңа технологияны еркін пайдаланатынын көрсеткенімен, мәселенің екінші жағы – медиасауаттылыққа аса мән бермей отырғанын байқатады.

Сондай-ақ, European Neighbourhood Council (ENC), Internews Europe Еуропалық Одақтың қолдауымен 2023 жылы “Медиапотребление и дезинформация в Центральной Азии: количественная и качественная оценка в контексте геополитики” деген инфографикалық жинағын жариялаған. Онда Орта Азия елдерінде медиа өнімдерді пайдалану және дезинформация мәселелеріне сапалық және сандық зерттеулер жүргізілген. Зерттеудің нысаны ретінде жастар, егде жастағылар және тілді меңгеру деңгейі бойынша азаматтар алынған.

Зерттеу нәтижесі бойынша зерттелген елдер арасында негізгі ақпаратты алу арналары мен құрылғысы ретінде – ұлттық телеканалдар 56%-ды құраса, респонденттердің 50%-ы әлеуметтік желілер арқылы алатындығын көрсеткен. Теледидарды көру көрсеткіші бойынша 55-тен жоғары жастағыларға (79%) қарағанда 18-24 жас аралығындағы жастар теледидарды (39%) өте сирек көретіндігін айтқан. Ал, медиа ұйымдарға және фейк ақпараттарға сену мәселесі бойынша егде жастағылар мен ауыл тұрғындары мемлекеттік БАҚ-қа сенетіндігін көрсетсе, ал қала тұрғындары бұл ақпарат көзіне сене бермейтіндігін біл-

дірген (Вестербай, Джураев, Маразис, 2023:5).

Осылайша, зерттеушілер бірқатар қорытынды жасаған: 1) интернеттің қарқынды дамуы Орталық Азияда медиакеністікті өзгертті: жаңалық таратудың балама көздерінің пайда болуы (әлеуметтік желілер, блогерлер, тәуелсіз онлайн ақпараттық агенттіктер) мемлекеттік телеарналардың үстемдігін бұзды; 2) онлайн БАҚ-тың рөлі артқан сайын ол контент жасау үдерісіне әсер етуде: фейк ақпараттар көбінесе осы онлайн ақпарат көздері арқылы тарайды; 3) халықтың әртүрлі топтары дезинформация нысанына айналады: үлкен буын кісілерге ақпаратты қайта тексеру қиындық тудырады, ал жастар оны тексеріп жатқылары келмейді, себебі, оларды саясат қызықтырмайды. Ауыл тұрғындарының медиасауаттылығы төмен болып келеді, соның кесірінен олар дезинформацияның нысанына оңай айналады; 4) Орталық Азия елдерінің жергілікті тілінің рөлі бұқаралық ақпарат құралдарында артып келеді: үкіметтің баса назар аударуының арқасында және орыс тілінде сөйлейтіндерің саны азаюынан әр елдің мемлекеттік тілдегі БАҚ-тың көбею тенденциясын арттырып отыр.

Медиасауаттылық нені оқытып, қандай дағдыларды қалыптастыруы мәселесіне келетін болсақ, курстар, тренингтер мен оқу-әдістемелік материалдар мына бағыттарды қамтуы қажет: ақпарат деген не, оның қоғамдағы функциясы не? ақпараттың түрлері қандай болады? ақпаратты кім тарата алады? Оның қоғам алдындағы жауапкершілігі қандай?; ақпаратты тұтытудағы мақсатым қандай?; ол ақпараттың артында не тұр, ол нені меңзейді?; ақпараттың дереккөзі сенімді ме жоқ па?; оны қалай оңай әрі жылдам верификациялауға болады; сыни ойлау деген не, мұндай дағдыны неге дамыту қажет және ол ақпаратқа қатысты қандай қауіп-қатерді еңсеруге көмектеседі; фактіні пікірден, фейк пен манипу-

ляцияны ресми, шынайы ақпараттан, жарнаманы үгіт-насихаттан қалай ажырату керек; «ғадауат тілі» (хейт спич), стереотиптер, клип-пайым деген не екенін түсіну; алаяқтардың құрбаны болмау, кибербуллингке ұшырамас үшін әлеуметтік желілерді қалай пайдалану керек; дербес парақшалардағы жеке деректерді қорғау жүйелерін талқылау; сенімді ақпарат көздеріне сүйену, ақпаратты дүниетанымын кеңейтуге, жаңа білім алуға, коммуникация мүмкіндіктерін кеңейтуге дұрыс қолдануды үйрену.

Жалпы айтқанда, медиасауаттылық арқылы ақпараттың не екендігін, неге әсер еткендігін, маңызды, сенімді ақпараттың, «қоқыс ақпарат», фейк және манипуляцияға негізделген ақпараттың қауіп-қатері қандай, мәтін ақпаратты қалай тексеруге болады, визуал ақпаратты (фото, видео, инфографика, т.с.с.) тексеруде қандай қарапайым әдісті қолдануға болады, геолокацияны анықтау құралдарымен қалай жұмыс істеуге болады деген көптеген сауалға жауап бере отырып, осы бағыттағы бірқатар дағды мен біліктілікті қалыптастыра аламыз.

Сонымен қатар, медиасауаттылықты арттырудың бір жолы фактчекинг қабілеті мен құралын үйрену. Оны білу тек журналистерге ғана емес, жекелеген азаматтарға да артықтық етпейді. «Фактчекинг» термині Қазақстанның медиа және ақпараттық кеңістіктігіне 2017 жылы ғана енді. Ол ағылшын тілінен аударғанда «фактілерді тексеру» дегенді білдіреді. Бүгінгі күні фактчекинг ақпараттық соғысқа қарсы насихат «қорғанысының» форпостына (бекінісіне) айналып отыр.

Қазіргідей қарқынды ақпараттық даму кезеңінде фактчекингті дамыту аса маңызды. «Белгілі бір жағдайға байланысты әр адамда әр түрлі пікір қалыптасатыны рас, алайда нақты фактілер қоғамда дау тудырмайды. Сол себепті де факті тек қана бекітілмеуі керек, ол тексерілгеннен кейін қайта тексеріліп ұсынылуы қажет», - дейді сарапшы ғалымдар А.Ж. Шайкенова мен Т.А. Морозова. Олар «фактчекингтің мүмкіндігі мол екенін, себебі фактчекингпен айналысатын басылымдардың қоғамдық ықпалы зор, олардың зерттеулеріне сенім артылады әрі мәліметтерінен дәйексөз алуға болатынын» айтады (Шайкенова, Морозова, 2019:2).

Сонымен қатар, фактчекинг – саясаткерлерді өз бақылауына ала алатын басты құрал. Сол себепті, бұл жүйе барлық ақпарат қолданушыларына аса қажет. Бүгінде бір ғана Қазақстанда емес, көптеген әлем елдерінде өршіп тұрған мәселе – көптеген белгілі саяси тұлғалардың

сайлауалды үгіт-насихат жұмысын жүргізгенде өтірік пен популизмді қалыпты жағдайға айналдыруы. Олардың өзекті әлеуметтік жәйттар төңірегіндегі ұраны мен уәделері популизм мен манипуляцияға құрылады. Мәселен, жалған фактілерді анықтау мақсатында украиналық медиа кеңістікте пайда болған бірнеше фактчекинг ресурсының мамандары мол көлемдегі өтірікті көріп, саяси қызметкерлердің ауызша айла-шарғыларына кез болған. Бір жыл ішінде украиналық фактчекерлер билік басындағылардың 1000-ға жуық мәлімдемесін сараптап үлгерген. Мәлімдемелердің шамамен 55%-ында ақиқатқа сай емес дерек көрсетілген және «өтірік» деген үкіммен таңбаланған, 25%-ы – «жартылай шындық», тек 20%-ы ғана «шындық» болып шыққан (Шайкенова, Морозова, 2019:3).

Қорытынды

Қорыта келгенде, ақпарат ұғымы өміріміздің ажырамас бір бөлігі және қазіргі цифрлы технологияның қарқынды даму заманымызда қандай да бір ақпаратты, деректі алудың шегі жоқ. Цифрлық дәуір мұндай шекараларды жойып, дүниежүзілік ақпарат әлемінде біте қайнасып, өмір сүруді қарапайым, оңай, әрі ыңғайлы етті.

Ақпарат – дүниені танудың, жаңа білім алудың, анализ жасаудың шешуші элементі. Қоршаған ортадан ақпарат алып, игере білу, кейін түрлендіріп, жүйелеп, біріктіріп, жинастырып, тарата білу өткен кезеңдерде жаһанның өркениет процестерін қалыптастыруда де-факто шешуші рөл атқарды. Ақпарат пен адам тарихындағы жаңа бір кезең – медианы бүгінде бізге жақсы таныс күйінде ойлап табу болды (Гороховский, 2021:6).

Ғалымдар мен сарапшылар цифрлы, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы бір жағынан халықтың цифрлы сауатын ашуға үлкен мүмкіндік болғанымен, оның адамзатқа төндіретін қаупі бар екендігін де жасырмайды. Ол – медиасауаттылық мәселесі. Тексерілмеген, манипуляцияға және эмоцияға құрылған жалған ақпараттар легі жекелеген азаматтардың әлеуметтік жағдайына, психикасына кері әсер тигізіп қана қоймай, тіпті мемлекеттік деңгейде елдің тұрақты саяси-экономикалық дамуына да қауіп төндіруі мүмкін. Бұл жүйеге бақылау жасау, шектеу қою – тығырықтан шығар жалғыз жол емес. Мемлекет тарапынан бақылаудың болғаны дұрыс, бірақ билік өз әрекеттерімен сөз бостандығына кедергі келтірмеу мәселесі де бар.

Жоғарыдағы зерттеу көрсеткендей елімізде цифрлық дамудың қарқындылығы нәтижесінде, интернет пен әлеуметтік желілердің қолжетімділігінің арқасында қазақстандықтардың 9,5%-ы ғана әлеуметтік желілерді/мессенджерлерді пайдаланбайтындығын байқауға болады. Яғни, тұрғындардың 91%-ы әлеуметтік желілерді еркін қолданады. Бұл цифрлық сананың, сауаттың дамуына жақсы болғанымен, мәселенің екінші жағы – медиасауаттылық мәселесін қозғайды. Әлемдік ғалымдардың медиасауаттылық мәселесінде егде жастағы қарттардың медиасауаттылығын көтеру жағын көп қозғайды. Себебі, егде жастағылар цифрлық технологияны қолданғанымен, ақпаратты қабылдауда өзіндік “сезімталдығы” бар екендігін және зерттеу нәтижесі көрсеткендей үлкен буын кісілерге ақпаратты қайта тексеру қиындық тудыратындығын, ал жастар оны тексеріп жатқылары келмейтіндігін айтқан (Вестербай, Джураев, Маразис, 2023:4). Сондай-ақ, авторлар ауыл тұрғындарының медиасауаттылығы төмен болып келетіндігін, соның кесірінен олар дезинформацияға көп ұшырайтындығын айтқан.

Міне, осыдан кейін ақпараттық, медиасауаттылықты жас балалардан бастап, қарттарға дейін үйрету мәселесі өздігінен алдыға шығады. Медиасауаттылық адамды тек ақпаратты оқып, оны болып жатқан оқиғалармен салыстырумен ғана шектемейді. Оқырман ақпараттың маңыздылығын саралай отырып, ақпараттың соңы қандай жағдайларға әкелетініне де назар аударуы қажет. Ол үшін халықтың ақпаратты тұтытуда сыни ойлау қабілетін арттыру да жаңа дәуірдің өзекті проблемасын айналып отыр. Сыни ойлау – ақпаратты талдауға, жүргізілген анализді пайдаланып тұжырым жасауға, өз пікірімізді қалыптастыруға және естіген-көргеніміздің бәріне сене бермей, өз ұстанымымызда тұруға мүмкіндік беретін шешуші дағдылардың бірі.

Медиасауаттылық мәселесіне келгенде ақпаратты тұтынушы аудиторияның сауаттылығын ғана қарастырмай, сол ақпаратты өндіруші медиа ұйымдардың ақпарат таратудағы жауапкершілігін де айта кеткен жөн. Бұл жайында «Медиалық және ақпараттық сауаттылық» атты еңбектің авторлары «журналист пен редактор алдында ерекше жауапты мақсат тұрады. Ақпаратты таңдау, таразылау, сүзгіден өткізе отырып, бұқараға жариялау. Бұл ақпарат қоғам үшін маңызды болуы шарт және мұнда гендерлік теңдік талаптары, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары тапталмайтынды, жергілікті тұрғын-

дардың, этникалық топтардың, қалалық және ауылдық жерлердегі әлеуметтік жағдайы төмен топтардың т.с.с жағдайлары қаралатындай ақпарат болуы керек» деп өткен (Ахметова, Шорохов, Ниязғұлова, 2015:7). Ал, А.Гороховский 2021 жылы жарияланған «Медиа және ақпарат бойынша сауат жөніндегі тренерлерге арналған қиын жастармен жұмыс істеуге қажет әдістеме құралында» ақпараттың жаһандануы, оны кез келген жерден алу мүмкіндігі таралып жатқан деректерді бақылау факторларын, растау стандарттарын, қолданушыларға жалған ақпарат берілген кездегі ақпарат көзінің жауапкершілік өлшемін жойды немесе айтарлықтай төмендетті, деп көрсеткен.

Сондықтан, осындай «ақпарат қоқысына» қарсы тұру үшін медиа білім беру, медиа және ақпарат бойынша сауат, сыни ойлауды дамыту, верификация, фактчекингтің қарапайым дағдыларын үйрету бастамалары мемлекет және азаматтық қоғам тарапынан баса назар аударылып, қолға алынып отыр. Бұл үрдісті насихаттауға халықаралық ұйымдар, әлеуметтік желі басшылары, медиа ұйымдар, ғылыми-зерттеу институттары да қосылды. Айталық, БҰҰ-ның фактілерді тексеретін Verified платформасының іске қосылуы, оны Facebook, Twitter, YouTube, TikTok, Al Jazeera, Deutsche Welle және Euronews қолдауы; Facebook, Twitter, YouTube пен Telegram контентті қатаң бақылайтын, күмәнді хабарламаларды таңбалайтын, фейк ақпараттарды бұғаттап, өшіретін қызмет енгізді; халықаралық донорлар қолдауының арқасында Еуропа және Азия елдерінде мектеп пен жоғары оқу орындары деңгейінде медиасауат бойынша бірқатар бағдарламалар жүзеге асып жатыр, ойын түрінде білім беретін бірқатар платформалар ашылды. Соның бірі АҚШ Мемлекеттік департаменті Демократия, адам құқықтары және еңбек (DRL) бюросының қолдауымен «Білім беру ойындарының (QLEVER+) көмегімен арандатушылыққа және пропагандаға қарсы тұру үшін Орталық Азиядағы осал жастардың мүмкіндіктері мен құқықтарын кеңейту» жобасы іске асып жатыр. Жоба аясында Орталық Азиядағы осал жастардың интернеттегі жалған ақпарат, пропаганда, зорлықшыл радикализм және арандатушылыққа қарсы тұру қабілетін арттыруға арналып отыр. QLEVER.Asia платформасы сыни ойлауды дамытудың инновациялық әдісі ретінде қолданылатын танымдық, көңіл көтерушілік, тақырыптық онлайн-ойындар мен ынталандыру әдістері арқылы медиасауаттылықты арттыруға өз үлесін қосып отыр.

Медиа білім көп болса, ақпаратты саралау, салыстыру мен талдау оңай болады, демек, ондай адамды алдау, оны сендіру, бір іске мәжбүрлеу қиын болады. Сондықтан, қазіргі ақпараттар ағыны заманында халықтың медиасауаттылығын арттыру мәселесі босқа жиі көтеріліп жүрген жоқ, көтеріліп қана қоймай, жоғарыда айтқандай мемлекет тарапынан да, үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғам және халықаралық ұйымдар мен институттардың тарапынан нақ-

ты қадам жасалып жатыр. Ол медиатренингтер, курстар, мектеп жасындағыларға арналған оқулықтар мен нұсқаулықтар, ондайн платформалар, куиз ойындар сынды бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы зерттеулер мен қолға алатын іс-шара саны артып, еліміздің тұрғындарының манипуляция, жалған ақпарат, дезинформация және мисинформациялардың нысанына айналмай медиасауаты артатынына сенімділікпен қарауға болады.

Әдебиеттер

- Adams Dennis, Hamm Mary Literacy in a Multimedia Age. Christopher-Gordon Publishers, 2015.
 Ахметова Л., Шорохов Д., Ниязғұлова А. Медиалық және ақпараттық сауаттылық, 2015.
 Вестербай С., Джураев Ш., Маразис А. Медиapotребление и дезинформация в Центральной Азии: количественная и качественная оценка в контексте геополитики, 2023.
 Гороховский А. Медиа және ақпарат бойынша сауат жөніндегі тренерлерге арналған қиын жастармен жұмыс істеуге қажет әдістеме құралы. «MediaNet Халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ, 2021.
 Задорин И.В., Сапонова А.В. Сравнительный анализ индексов медиаграмотности в странах Центральной Азии, 2020.
 Шайкенова А.Ж., Морозова Т.А. Фактчекинг медиасауаттылықты арттыратын маңызды құрал, 2019.
 Хоббс Р. Чтение СМИ: медиаграмотность в старшей школе, 2007
 Braesel S., Karg T. Media and information literacy: A practical guidebook for trainers, 2021.
 Clayton et al.; Mele et al.; Mihailidis & Viotty. Does media literacy help identification of fake news? Information literacy helps, but other literacies don't, 2017.
 International Encyclopedia of the Social & Behavioural Sciences, 2001.
 McDougall J. Media literacy versus fake news: critical thinking, resilience and civic engagement, 2019.
 Lazer et al., Diffusion of disinformation: how social media users respond to fake news and why, 2018.
 Wardle, Claire and Derakhshan, Hossein. Information Disorder Toward an interdisciplinary framework for research and policy-making. Strasbourg: Council of Europe, 2017
 Potter W. Media Literacy, 2019.
 www.bugin.kz.

Reference

- Adams Dennis, Hamm Mary Literacy in a Multimedia Age. Christopher-Gordon Publishers, 2015.
 Akhmetova L., Shorohov D., Nyazgulova A. (2015) Medialyk jane akparattyk sauattylik [Media and information literacy].
 Vesterbay S., Zhurayev Sh., Marazis A. (2023) Mediapotreblenie i desinformasia v Sentralnoi Azii: kolichestvennaya i kachestvennaya osenka v kontekste geopolitiki [Media consumption and disinformation in Central Asia: A quantitative and qualitative assessment in the context of geopolitics].
 Gorohovski A. (2021) Media jane akparat boyinsha sauat jonindegy trenerlerge arналган кyin jastarmen jumis isteuge kajet adisteme kurali [A methodology for media and information literacy trainers for working with troubled youth].
 Zadorin I.V., Sapanova A.V. (2020) Sravnitelny analis indexov mediagramotnosty v stranah Sentralnoi Azii [Comparative analysis of media literacy indices in Central Asian countries].
 Shaikenova A.Zh., Morozova T.A. (2019) Factchecking mediasauattylikty arttiratyn manisdy kural [Factchecking is an important tool for increasing media literacy].
 Hobbs R. Chtenie SMI: mediagramotnost v starshei shkole [Media: media literacy in high school] 2007
 Braesel S., Karg T. (2007) Media and information literacy: A practical guidebook for trainers, 2021.
 Clayton et al.; Mele et al.; Mihailidis & Viotty. Does media literacy help identification of fake news? Information literacy helps, but other literacies don't, 2017.
 International Encyclopedia of the Social & Behavioural Sciences, 2001.
 J.McDougall, 2019. Media literacy versus fake news: critical thinking, resilience and civic engagement.
 Lazer et al., Diffusion of disinformation: how social media users respond to fake news and why, 2018.
 Wardle, Claire and Derakhshan, Hossein. Information Disorder Toward an interdisciplinary framework for research and policy-making. Strasbourg: Council of Europe. 2017
 Potter W. Media Literacy, 2019.
 www.bugin.kz.

Автор туралы мәлімет:





Шәкенова Шынар – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты (Қазақстан, Астана қ., e-mail: sh.shakenova12@gmail.com).

Information about author:

Shakenova Shynar – PhD candidate of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana, e-mail: sh.shakenova12@gmail.com).

Келін түсті: 4 тамыз 2024 жыл

Қабылданды: 8 қараша 2024 жыл

А.Б. Алимжанова* , В.Д. Попова ,
Л. Нүрпейіс , А.Б. Ашимова 

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
*e-mail: aikerim.alimzhan@gmail.com

НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ВИЗУАЛИЗАЦИИ: РОЛЬ ИИ В СОВРЕМЕННОЙ ЖУРНАЛИСТИКЕ КАЗАХСТАНА

С развитием искусственного интеллекта (далее ИИ) открываются новые горизонты в создании и адаптации визуального контента, это делает возможным не только автоматизацию некоторых процессов, но и создание интерактивных и динамических визуализаций, которые могут значительно улучшить взаимодействие с информацией. Использование ИИ в визуализации новостей позволяет журналистам не только повысить качество и доступность информации, но и предложить аудитории уникальный и бесценный опыт.

Основная цель исследования заключается в анализе существующих форм визуализации, используемых в современной журналистике, и возможности интеграции ИИ в процесс создания этих форм. Для достижения поставленных задач был проведен обзор актуальных научных работ и публикаций по теме, обзор примеров современных форм визуализации, которые были созданы при помощи ИИ в различных жанрах журналистики. Авторы предприняли попытку классификации современных форм визуализации, которая предположительно даст преимущество в понимании и использовании визуальных данных в различных областях.

Методология данного исследования сфокусирована на четырех ключевых подходах: общенаучные методы, аналитический обзор научной литературы по теме, экспериментальное исследование с использованием чат-бота ChatGPT (4GPT), классификация современных форм визуализации.

Научная и практическая значимость работы обусловлена глубоким изучением классификации визуальных форм, используемых в медиа коммуникациях, что способствует не только расширению теоретических знаний в области медиавизуализации, но и разработке стратегий создания контента, интегрирующих наиболее эффективные и инновационные формы визуализации.

В заключении статьи подчеркивается, что внедрение искусственного интеллекта и нейросетей открывает новые горизонты для развития современных форм визуализации, играя ключевую роль в адаптации журналистского контента к потребностям цифровой эпохи. Использование этих технологий позволяет не только автоматизировать процесс создания визуализаций, делая его более эффективным и масштабируемым, но и предлагает возможности для создания более сложных, интерактивных и персонализированных визуальных материалов. Это улучшает взаимодействие с аудиторией, делает информацию более доступной и понятной, повышая общую эффективность представления журналистских материалов.

Ключевые слова: визуализация, формы визуализации, искусственный интеллект, СМИ, нейронная сеть ChatGPT.

A.B. Alimzhanova*, V.D. Popova, L. Nurpeis, A.B. Ashimova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: aikerim.alimzhan@gmail.com

New horizons of visualization: the role of AI in modern journalism in Kazakhstan

With the development of artificial intelligence (AI), new horizons are opening in the creation and adaptation of visual content, making it possible not only to automate certain processes but also to create interactive and dynamic visualizations that can significantly enhance interaction with information. The use of AI in news visualization allows journalists and media organizations not only to improve the quality and accessibility of information but also to offer the audience a unique and engaging experience.

The aim of the research is to systematize the various forms of visualization used in contemporary journalism and the possibility of integrating AI into these processes. To achieve the set goals, a review of

current scientific works and publications on the topic was conducted, as well as a review of examples of modern forms of visualization that were created with the help of AI in various journalism genres.

The methodology of this study focuses on four key approaches: general scientific methods, analytical review of scientific literature on the topic, experimental study using ChatGPT (4GPT) chatbot, and classification of modern forms of visualization.

The scientific and practical significance of the work is determined by the in-depth study of the classification of visual forms used in media communications, which contributes not only to expanding theoretical knowledge in the field of media visualization but also to developing content creation strategies integrating the most effective and innovative forms of visualization. As a result of the research, an attempt was made to classify modern forms of visualization, which suggests an advantage in understanding and using visual data in various fields.

The conclusion of the article emphasizes that the introduction of artificial intelligence and neural networks opens new horizons for the development of modern forms of visualization, playing a key role in adapting journalistic content to the needs of the digital era. The use of these technologies allows not only to automate the visualization creation process, making it more efficient and scalable, but also offers possibilities for creating more complex, interactive, and personalized visual materials. This improves interaction with the audience, makes information more accessible and understandable, increasing the overall effectiveness of journalistic materials.

Key words: visualization, forms of visualization, artificial intelligence, media, ChatGPT neural network.

А.Б. Алимжанова*, В.Д. Попова, Л. Нұрпейіс, А.Б. Ашимова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: aikerim.alimzhan@gmail.com

Визуализацияның жаңа көкжиектері: Қазақстандағы заманауи журналистика саласындағы ЖЖМ-нің рөлі

Жасанды интеллекттің (ЖИ) дамуымен визуалды мазмұнды құру мен бейімдеуде жаңа көкжиектер ашылады, бұл кейбір процестерді автоматтандыруға ғана емес, сонымен қатар ақпаратпен өзара әрекеттесуді айтарлықтай жақсартатын интерактивті және динамикалық визуализацияларды жасауға мүмкіндік береді. Жаңалықтарды визуализациялауда ЖИ қолдану журналистер мен медиа ұйымдарға ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттырып қана қоймай, аудиторияға бірегей және қызықты тәжірибе ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі журналистикада қолданылатын бейнелеудің әртүрлі формаларын жүйелеу және ЖИ-ды осы процестерге біріктіру мүмкіндігі. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін тақырып бойынша өзекті ғылыми жұмыстар мен жарияланымдарға шолу, журналистиканың әртүрлі жанрларында ЖИ көмегімен жасалған қазіргі бейнелеу формаларының мысалдарына шолу жасалды.

Бұл зерттеудің әдістемесі төрт негізгі тәсілге бағытталған: жалпы ғылыми әдістер, тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді аналитикалық шолу, ChatGPT (4GPT) чатботын қолдана отырып эксперименталды зерттеу, және қазіргі заманғы визуализация түрлерінің классификациясы.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы медиа-коммуникацияларда қолданылатын визуалды формалардың жіктелуін терең зерттеуге байланысты, бұл медиа-визуализация саласындағы теориялық білімді кеңейтуге ғана емес, сонымен қатар визуализацияның ең тиімді және инновациялық түрлерін біріктіретін мазмұнды құру Стратегияларын жасауға ықпал етеді. Зерттеу нәтижесінде визуализацияның заманауи формаларын жіктеуге әрекет жасалды, бұл визуалды деректерді әр түрлі салаларда түсіну мен қолданудың артықшылығын ұсынады.

Мақаланың қорытындысында жасанды интеллект пен нейрондық желілерді енгізу журналистік мазмұнды цифрлық дәуірдің қажеттіліктеріне бейімдеуде шешуші рөл атқара отырып, визуализацияның заманауи түрлерін дамыту үшін жаңа көкжиектер ашатынын атап өтті. Бұл технологияларды пайдалану визуализация жасау процесін автоматтандыруға ғана емес, оны тиімдірек және масштабтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар күрделі, интерактивті және жекелендірілген визуалды материалдарды жасауға мүмкіндік береді. Бұл аудиториямен өзара әрекеттесуді жақсартады, журналистік Материалдардың жалпы тиімділігін арттыра отырып, ақпаратты қол жетімді және түсінікті етеді.

Түйін сөздер: визуализация, визуализация түрлері, жасанды интеллект, медиа, ChatGPT нейрондық желісі.

Введение

Возможности визуализации крайне обширны: от изображения экономических колебаний и политических событий до отображения статистики преступности, показателей в образовании и здравоохранении, спортивных достижений и научных открытий, а также визуализации чрезвычайных происшествий и аварий. Т.е. визуализация предоставляет ключ к пониманию процессов, помогает воссоздать последовательность событий, когда видеоматериалы недоступны, ясно демонстрирует закономерности и предоставляет объяснения в сложных ситуациях. Нейронные сети, обучаемые на больших базах данных, могут распознавать тенденции, выявлять закономерности и автоматически генерировать инфографику и другие формы визуализации, которые дополняют текстовый контент и делают его более привлекательным для читателей. Кроме того, адаптивные алгоритмы ИИ помогают создавать динамические визуализации, которые меняются в реальном времени в зависимости от поведения пользователя, создавая для каждого читателя уникальный визуальный опыт. Эффективные методы привлечения внимания аудитории и обеспечения понимания информации выдвигают на первый план задачи анализа и систематизации современных форм визуализации, а также определения потенциала интеграции ИИ в процессы создания современных форм, что и обуславливает актуальность темы данного исследования.

Основной целью работы является анализ существующих форм визуализации, используемых в современной журналистике, и возможности интеграции ИИ в процесс создания современных форм визуализации. Объектом исследования является визуализация как инструмент журналистики в представлении информации. Предмет исследования – формы визуализации.

Для достижения цели исследования были применены общенаучные методы исследования, проведен обзор актуальных научных работ и публикаций по теме, обзор примеров современных форм визуализации, созданных с помощью искусственного интеллекта в различных жанрах журналистики. Автор в своей научной работе провел экспериментальное исследование по созданию визуализации с помощью чат-бота на базе технологии 4GPT и предпринял попытку классифицировать современные формы визуализации, что, предположительно, даст преимущество в понимании и использовании визуальных дан-

ных в различных областях. Комбинация этих методов позволит нам глубоко изучить нынешнее состояние и дальнейшие перспективы развития визуализации в журналистике, определить наиболее успешно реализованные примеры ее применения и выявить существующие в этой области тенденции.

Таким образом, проделанная работа, а именно обзор информации и предпринятая попытка классификации различных форм визуализации, а также анализ процесса интеграции ИИ, вносит вклад в развитие теоретических и практических аспектов использования средств визуальной информации в области журналистики, а также способствует расширению представлений об их роли в условиях современных медиакоммуникаций.

Материалы и методы

Методология исследования базируется на нескольких общенаучных методах: анализ, синтез, описание, наблюдение, сравнение, и обобщение, прогноз. В аналитический обзор входят: анализ научных исследований и публикаций, посвященных визуализации в средствах массовой информации, с целью создания теоретических основ и выявления недостатков в знаниях; фактические примеры использования визуализации, разработанной ИИ и применяющейся в сфере журналистики.

Поскольку исследование посвящено тому, как новостные платформы используют визуализацию для повышения информативности и вовлеченности целевой аудитории, а также тому, какую роль играет ИИ в автоматизации и оптимизации процессов создания визуальных материалов в журналистике, в качестве материала для исследования были выбраны сайт Tengrinews, известный своей возможностью интеграции различных форм визуализации в журналистские материалы, и чат-бот на базе технологии 4GPT, который демонстрирует способности искусственного интеллекта в создании и взаимодействии с визуальным контентом. В ходе научной работы был создан небольшой эксперимент по созданию визуализации при помощи чат-бота на основе технологии 4GPT. Методология эксперимента заключалась в следующем:

1. Определение задач: в начале эксперимента были определены две ключевые задачи для проверки способностей ChatGPT в создании инфографики: визуализация данных в виде диаграммы и создание детализированной географи-

ческой карты Казахстана с указанием городов и регионов.

2. Для выполнения задач ChatGPT были предоставлены исходные данные для задачи с диаграммой – это были статистические данные о количестве пожаров в различных регионах и городах Казахстана за 2022 год преобразованные в таблице Microsoft Excel, взятые с открытых источников. Для создания карты – описание и аналогичные образцы географических карт РК, взятые с сети-интернета.

Предложенная классификация форм визуализации в журналистике базируется на комбинации подходов, а именно:

1. По способности к взаимодействию: различает статические и интерактивные формы визуализации, где основное внимание уделяется тому, как пользователь может взаимодействовать с визуализацией.

2. По мультимедийности: учитывает использование различных медиа-элементов, таких как текст, аудио, видео и анимация, для создания мультимедийной визуализации.

3. По методу представления информации: включает в себя гибридные формы, которые объединяют характеристики и функции нескольких типов визуализации для достижения более глубокой информативности и вовлеченности аудитории.

4. По использованию алгоритмов искусственного интеллекта и машинного обучения для создания, оптимизации или интерпретации визуального контента.

Эти методы обеспечивают комплексное изучение форм визуализации на журналистский контент и его восприятие аудиторией, выявляя наиболее эффективные стратегии и технологии.

Обзор литературы

От момента введения термина «визуализация информации» в 1989 году, который впервые был использован в работе «Когнитивный сопроцессор для интерактивных пользовательских интерфейсов» для описания способа представления абстрактной информации через визуальный интерфейс, авторами которого являлись Робертсон Г.Г., Кард С.К., Маккинлей Дж.Д., сама визуализация однозначно претерпела трансформацию.

При подготовке данной работы активно использовались данные и ключевые замечания, полученные из статей и монографий, которые анализируют роль визуализации как важного элемента в прогрессе современной медиаинду-

стрии. Исследования, проведенные такими авторами, как А. А. Амзин, И. С. Герасимова, Арсенько И.П. и Мусинова, А. А. были основой для изучения различных подходов к визуализации информации. Эти работы помогли выявить, как технологические инновации и визуальные стратегии влияют на восприятие и интерпретацию медиаконтента, а также как они способствуют улучшению интерактивности и доступности информации для широкой публики.

